



Орал қаласындағы физика-математикалық бағыттағы  
Назарбаев Зияткерлік мектебінің  
2018-2019 оқу жылы бойынша жұмыс есебі

## МАЗМҰНЫ

### МЕКТЕПТІҢ ЖЕТЕКШІ ЕРЕЖЕЛЕРІ

#### 1. ОҚУ ҚЫЗМЕТІ

- 1.1. Оқушылар контингенті
- 1.2. Конкурстық іріктеу
- 1.3. Виртуалдық және каникулярлық мектептер
- 1.4. Оқушылардың үлгерімі мен білім сапасы

#### 2. ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ҚЫЗМЕТ

- 2.1. Әдістемелік жұмыстың негізгі міндеттері
- 2.2. Педагог қызметкерлердің кәсіби дамуы
- 2.3. Менторинг. Коучинг. Семинарлар
- 2.4. Жас мамандар мектебінің жұмысы
- 2.5. Зерттеу жобалары
- 2.6. Мектепшілік бағалау
- 2.7. Әдістемелік кеңес жұмысы
- 2.8. «EXPERTS lab» жобасы
- 2.9. Оқушылармен жұмыс
- 2.10. Элективті курстар
- 2.11. Пәндік декадалар
- 2.12. Олимпиадалар, ғылыми және шығармашылық жобаларды ұйымдастыру, өткізу және олардың нәтижелері
- 2.13. Тәжірибе тарату

#### 3. ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ

- 3.1. Кураторлық қызмет
- 3.2. Тәрбие беру жобалары
- 3.3. Оқушылардың өзін-өзі басқаруы
- 3.4. Үйірмелер мен клубтар жұмысы
- 3.5. Ата-аналармен жұмыс
- 3.6. Әлеуметтік тәжірибелер
- 3.7. «Берік отбасы» жобасы
- 3.8. Жатақхана қызметі

#### 4. ОҚУ-КӨМЕКШІ ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ЖҰМЫСЫ

- 4.1. Мектеп қауіпсіздігін қорғау
- 4.2. Кітапхана жұмысы
- 4.3. Психологиялық қызмет жұмысы
- 4.4. Медициналық қызмет жұмысы
- 4.5. Медиа қызметінің жұмысы



## **МЕКТЕПТІҢ ЖЕТЕКШІ ЕРЕЖЕЛЕРІ:**

**Миссия:** Жаратылыстану-математика бағытындағы білім беретін мектепте инновациялық, көптілділік жүйе арқылы әлемдік қоғамдастықтағы сәтті интеграция үшін тұлғаның зияткерлік және шығармашылық ахуалын дамытуға ықпал ету.

**Ұстаным:** Оқушылар бойындағы адамгершілік, көшбасшылық және патриоттық сезімдерді дамыта отырып, оларға жоғары сапалы білім беруді қамтамасыз етеміз. Мектеп түлектері – әлемді жақсартуға дайын, сыни тұрғыдан ойлайтын, Қазақстанның әлеуметтік жауапкершілігі мол белсенді азаматтары.

**Құндылықтар:**

1. Жарқындылық
2. Құрмет
3. Жайлылық
4. Ынтымақтастық
5. Жауапкершілік
6. Мақсаттылық
7. Өмір бойы оқу

Орал қ. физика-математикалық бағыттағы Назарбаев Зияткерлік мектебі – сапалы білімді қамтамасыз ететін халықаралық аккредитациядан өткен білім беру ұйымы.

2018-2019 оқу жылы оқушылардың академиялық үлгерімін жақсартуға, олардың адамгершілік құндылықтарын дамытуға, оқыту үдерісін жетілдіруге және білім беру қауымдастығы байланыстарын нығайтуға бағытталды. Берілген бағыттарды дамыту бойынша шаралар 2017-2020 жылдарға арналған мектептің Даму жоспарына негізделген мектептің Жылдық жоспарына сәйкес жүзеге асырылды.



## 1. ОҚУ ҚЫЗМЕТІ

### 1.1. Оқушылар контингенті

2018-2019 оқу жылы Орал қ. физика-математикалық бағыттағы Назарбаев Зияткерлік мектебінде 510 оқушы білім алды.

*Кесте. Сыныптар бойынша оқушылардың саны, 2019 жылдың 20 маусымы*

7-сыныптар					Барлығы
«А»	«В»	«С»	«D»	«E»	115
24	23	22	22	24	

8-сыныптар				Барлығы
«А»	«В»	«С»	«D»	80
19	19	20	22	

9-сыныптар						Барлығы
«А»	«В»	«С»	«D»	«E»	«F»	127
24	22	24	18	20	19	

10-сыныптар						Барлығы
«А»	«В»	«С»	«D»	«E»	«F»	119
20	17	19	19	24	20	

11-сыныптар				Барлығы
«А»	«В»	«С»	«D»	69
20	18	17	14	

*Кесте. Оқушылар отбасыларының әлеуметтік-экономикалық мәртебесі (бітіруші сыныптарды есептегенде)*

Көрсеткіштер	Оқушылар саны
Ата-анасы мемлекеттік немесе бюджеттік қызметкер	517
Ата-анасы жеке мекеменің қызметкері (ЖШС, АҚ, т.б.)	525
Ата-анасы жеке кәсіпкер	141
Әкесі де, анасы да жұмыссыз	2
Ата-анасы зейнеткер	16
Ата-анасы мүгедек	14
Толық емес отбасынан шыққан балалар	84
Көпбалалы отбасынан шыққан балалар	33
Аз қамтылған отбасынан шыққан балалар	-
Қамқорлыққа алынған балалар	-



Мүгедек-балалар	1
Қалалық	467
Шағын қалалардан, аудан орталықтарынан	30
Ауылдық	87

## 1.2. Конкурстық іріктеу

2019-2020 оқу жылына мектептің контингентін құру үшін 2-3 наурызда конкурстық іріктеу өткізілді.


7-сыныпқа конкурстық іріктеуге қатысу үшін қабылдау комиссиясына 680 оқушы құжаттарын тапсырды. Іріктеу нәтижесі бойынша 115 адам қабылданды. 91-і – қазақ тілінде оқытатын сыныптарға, 24-і – орыс тілінде оқытатын сыныптарға. Бір орынға орташа есеппен 5,9 адам үміткер болды.

Мектепке түскендердің 115-і – қаладан, 3-ы – ауылдық елді-мекендерден.

Оқуға түскен оқушылардың көбі келесі мектептерді ерекше атап кетуге болады: С.Сейфуллин атындағы №11 ДБАМОҚМИ, «Ақниет» мектеп-гимназиясы, №41 мектеп-лицейі, А. Тайманов атындағы №34 гимназиясы.



## Ауылдық мектептер



7-сыныпқа іріктеу жүйесі тестілеудің 2 түрінен тұрады:

1. Математика, қазақ, орыс және ағылшын тілдері бойынша пәндік тест;
2. Жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндерді меңгеру қабілеттілігін анықтау бойынша тест.

### Пәндік тесттің нәтижелері:

Пәндік тест бойынша ең жоғары балл санын (891 балл) Серікбаев Ерген жинады. Ең төмен балл (363 балл) Ғаббас Төребиде.

### Қабілеттер бойынша тест нәтижелері:

Ең жоғары орташа балл санын (126 балл) Талапова Алима жинады. Ең төмен балл (41 балл) Татарбаева Айару.

### 2019-2020 оқу жылына жұмысты жетілдіруге арналған ұсыныстар:

1. Үгіт-насихат жұмыстарын жетілдіру (БАҚ-пен тығыз жұмыс жасау, әлеуметтік желілерді жарнамалау).

### 1.3. Виртуалдық және каникулярлық мектептер

«Виртуалдық мектеп» және «Каникулярлық мектеп» жобалары Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарының оқушыларын конкурстық іріктеуден өтуге дайындауға арналған алаң болып табылады.

«Виртуалдық мектеп» веб-сайтының көмегімен үміткерлер Зияткерлік мектепте оқуға тіркелуіне, орындау жөнінде тапсырмалар мен ұсынымдар алуына, педагогтің дербес консультациясын алуына болады. «Каникулярлық мектеп» кезінде оқушылар бейіндік пәндер бойынша күндіз оқуға және конкурстық іріктеу пәндері бойынша күндізгі консультациялар алады.

Оқу жыл барысында Виртуалдық мектеп жұмысына облыстың орта білім беру ұйымдарының 82 оқушысы қатысты, Каникулярлық мектепте – 118.



*Кесте. 2018-2019 оқу жылындағы Виртуалдық және Каникулярлық мектеп қатысушылары*

	2017-2018	2018-2019
Виртуалдық мектеп	183	282
Каникулярлық мектеп	82	118

**2020-2021 оқу жылына жұмысты жетілдіруге арналған ұсыныстар:**

1. Виртуалдық мектепке оқушыларды шақыру бойынша жұмыстарды күшейту (мектеп сайтында ақпараттарды көбейту, ашық есік күнін өткізу кезінде әлеуметтік желілерде ақпараттарды тарату);
2. Каникулярлық мектеп кезінде мектеп туралы қосымша ақпараттар ұсыну,

**1.4. Оқушылардың үлгерімі мен білім сапасы**

2018-2019 оқу жылының қорытындысы бойынша мектеп оқушыларының білім сапасы 90% құрады.

Оқушылар оқу жылын келесі бағалармен аяқтады:

«Өте жақсы» -133 адам, бұл 23% құрайды;

«Жақсы» және «өте жақсы» -389 адам, бұл 67% құрайды;

«Қанағаттарлық» -57 адам, бұл 10% құрайды;

Бір «4»- - 35 адам, бұл 6% құрайды;

Бір «3» - 38 адам, бұл 7% құрайды;

Екі «3» - 16 адам, бұл 3% құрайды;

Үш және одан көп «4» - 2 адам, бұл 0,5% құрайды;

Аттесталмаған - 3 адам (экстернат түрінде оқығандықтан және ауруы бойынша)

2018-2019 оқу жылының қорытындысы бойынша:

- Негізгі мектеп оқушыларының нәтижелері стратегиялық көрсеткіштен **15%-ға** жоғары;
- Жоғарғы мектеп оқушыларының нәтижелері стратегиялық көрсеткіштен **16%-ға** жоғары.

Оқу жылы қорытындысы бойынша білім сапасы	2016-2019 жж. арналған жоспар *	Жартыжылдық қорытындысы бойынша білім сапасы
Негізгі мектеп үшін	70 %	85%
Жоғарғы мектеп үшін	80 %	96%


Мектеп стратегиялық көрсеткіштерді орындау бойынша табысты жұмыс жасауда деп айтуға болады.



Кесте. Сыныптардың оқыту тілі бойынша білім сапасы

Сынып	Қазақ тілінде оқитындар	Орыс тілінде оқитындар	Қорытынды
7 сынып	91,21	83,33	89,57
8 сынып	93,10	80,95	89,87
9 сынып	94,38	81,58	90,55
10 сынып	86,67	70,45	80,67
11 сынып	94,74	90,32	92,75
12 сынып	97,6	97	97
<b>БАРЛЫҒЫ:</b>	<b>93</b>	<b>84</b>	<b>90</b>

1-сурет. Сыныптар бойынша білім сапасы диаграммасы



Оқыту тілі бойынша қарастырсақ, қазақ тілінде оқитын сыныптардың білім сапасы сәл жоғары (93%), орыс тілінде білім алатындардың көрсеткіші 84% құрайды.

Білім сапасы бойынша 11-сыныптар алға шықты.

2018-2019 оқу жылының өткен тоқсан нәтижелерін салыстыратын болсақ, мектеп оқушыларының білім сапасы көрсеткіштерінің өскенін байқауға болады. Егер I тоқсанда білім сапасы 77% құраса, бұл көрсеткіш II тоқсанда 84%-ға өсті, ал оқу жылының нәтижелері бойынша білім сапасы 90%-ға жетті.






Кесте. Оқушылардың үлгерімін бақылау

Оқу жылы	2018-2019 I тоқсан	2018-2019 II тоқсан	2018-2019 III тоқсан	2018-2019 IV тоқсан	Жыл	Қорытынды
Оқу үлгерімі	100%	100%	100%	100%	100%	100%
Білім сапасы	77%	84%	86%	89%	90%	90%

2018-2019 оқу жылы бойынша білім сапасын талдай келе, барлық тоқсандар бойынша өсімді айтып кетуге болады. Бірінші тоқсанға қарағанда білім сапасы 13%-ға өсті.


2-сурет. Параллельдер бойынша үш жылдық білім сапасы



№	Учебный год	Количество учащихся	7 класс	8 класс	9 класс	10 класс	11 класс	12 класс
1.	2018-2019	581	89,57	89,87	90,55	80,67	92,75	100
2.	2017-2018	580	87,80	84,85	88,33	91,55	100	92,94

3-сурет. Үш жыл бойынша білім сапасының салыстырмалы диаграммасы





2018-2019 оқу жылының қорытындысы бойынша білім сапасы өткен жылдардағы көрсеткіштерге карағанда төмендеді (3-сурет) Сыныптар бойынша (2-сурет) 100% білім сапасы 12-сынып оқушыларында болды. Өте жақсы білім сапасы 7, 8, 9, 11-сыныптарда көрінді. Былтырғы жылмен салыстырғанда 10-сыныптардың білім сапасы төмендеді (80,67%) – 7,76%-ға төмендеді.

Критериалды бағалаудың кіріктірілген моделі бойынша 2018-2019 оқу жылының қорытындысы бойынша оқушылардың білім сапасы 96,5%-ға жетті. Критериалды бағалаудың жетілдірілген моделі бойынша білім сапасы 87,7% болды. КБКМ бойынша білім сапасы КБ-ға карағанда жоғары.

Төмендегі кестеде тоқсанды «өте жақсы», «жақсы», «қанағаттанарлық», «нашар» бағаларға аяқтаған оқушылар жөнінде мәліметтер берілген.

Кесте . 2018-2019 оқу жылы бойынша оқушылардың нәтижелері

№	Сынып	2018-2019 оқу жылын аяқтаған оқушылар саны							
		Саны	Оқушылар үлесі %	Саны	Оқушылар үлесі %	Саны	Оқушылар үлесі %	Саны	Оқушылар үлесі %
		Өте жақсы		Жақсы		Қанағаттанарлық		Аттестатталмаған	
1	7 сын	13	14,29	90	80,13	12	12,73	0	0
2	8 сын	15	13,59	58	73,44	7	12,11	0	
3	9 сын	6	4,12	109	83,86	12	12,02	-	
4	10 сын	17	14,15	79	64,41	22	20,77	1	
5	11 сын	29	41,13	35	51,40	4	5,86	1	
6	12 сын	29	39,3	40	57,8	2	2,9		
<b>БАРЛЫҒЫ:</b>		<b>108</b>	<b>18,62</b>	<b>411</b>	<b>70,86</b>	<b>59</b>	<b>10,17</b>	<b>2</b>	



Токсанды «өте жақсы» бағаға аяқтағандардың көбі - 11 және 12-сынып оқушылары (41,13%, 72,17%), ең аз 4,12% 9-сыныптарда. Ең үлкен және ең кіші пайыздың айырмасы 31,04% құрайды. Токсанды «қанағаттарлық» бағаға аяқтағандардың көбі – 7,9, 10-сынып оқушылары (12,73%, 12,02%, 20,77%).

2018-2019 оқу жылының басында 12-сыныптың 71 оқушысының 18-і ерекше аттестатқа үміткер болды, бұл жалпы 12-сыныптың 28%-н құрады; 11 оқушы немесе үміткерлердің 61%-ы оқу жылын «өте жақсы» бағаға аяқтады; 7 оқушы немесе 39% оқу жылын «жақсы» бағаға аяқтады. Өзінің нәтижелерін келесі пәндер бойынша қорғай алмады: 3 оқушы – математика; 1 оқушы – информатика ; 1 оқушы – ҚӘҚ, физика. 12-сыныптың 71 оқушының 13-і «Алтын белгіге» үміткер болды, бұл жалпы 12-сыныптың 18%-н құрады. 12 оқушы немесе үміткерлердің 92%-ы оқу жылын «өте жақсы» бағаға аяқтады, 1 оқушы немесе 8% оқу жылын «жақсы» бағаға аяқтады. «Алтын белгіні» 12-сынып оқушысы математика пәні бойынша қорғай алмады.

12-сынып оқушыларының жыл бойы IELTS және SAT халықаралық емтихандарын тапсыруға мүмкіндіктері болды. IELTS бойына орташа балл 6,4 балл құрады, жазылым дағдысы бойынша кішігірім ілгерілеу байқалады. SAT бойынша орташа балл 1415 балл құрады.

## 2. ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ҚЫЗМЕТ

### 2.1 Әдістемелік қызметтің негізгі міндеттері

Мектептің ғылыми-әдістемелік жұмысы әр мұғалімге оқу үдерісін сапалы ұйымдастыруда және кәсіби дамудың траекториясын тиімді құруда көмектеседі. Мектептің әдістемелік тақырыбы: **«Саралап оқыту арқылы оқушылардың өзбетімен жұмыс жасау дағдыларын дамыту»**. 2018-2019 оқу жылындағы әдістемелік жұмыстың негізгі міндеттері тамыз педкеңесінде мектептің былтырғы оқу жылының жұмысын талдау нәтижесінде анықталды:

- Оқушылармен оқу және тәрбие жұмыстарының кез келген түрлерін өткізуді жоғары әдістемелік деңгейде қамтамасыз ету;
- жаңа педагогикалық технологияларды, NIS Programme және критериалды бағалаудың жүйесін енгізу негізінде оқу сабақтарын өткізудің сапасын арттыру;
- үздік педагогикалық тәжірибені анықтау және тарату, оны насихаттау және мектеп жұмысына енгізу;
- педқызметкерлердің аттестациясын ұйымдастыруды әдістемелік жағынан қамтамасыз ету;
- дарынды балалармен жұмысты ұйымдастыруға арналған тиімді әдіс-тәсілдерді меңгеру және қолдану;
- оқушылардың оқу нәтижелерін жақсарту үшін педқызметкерлер тәжірибесінің жүйелі зерттеулерін өткізу.

Біздің мектептің әдістемелік жұмысының бастысы – мұғалімдердің шеберліктерін, олардың дағдылары мен қабілеттерін, сондай-ақ заманауи педагогке қажетті қасиеттер мен тұлғалық құндылықтарды дамытуда тиімді көмек көрсету. Ұжымға қойылған міндеттер сабақты өткізудің әдістемесін жетілдіру, оқушылармен жеке және топтық жұмыстар,



мұғалімнің диагностикалық қызметі негізінде оқушылардың білімдерін тереңдету, оқушылардың оқуға деген ынтасын арттыру, сондай-ақ мұғалімдерді жаңа педагогикалық және әдістемелік әдебиеттермен таныстыру арқылы жүзеге асырылды.

Педагогикалық қызметкерлермен әдістемелік жұмыс жүйесінің тиімділігін арттыру үшін мектеп әкімшілігі практикалық бағыттылық, ғылымилық және нақтылық талаптарын жетекшілікке алды. Әрбір ӘБ мектептің әдістемелік тақырыбымен байланысты өзінің әдістемелік тақырыбымен жұмыс жасады. Ғылыми-әдістемелік жоспарда көрсетілген міндеттерді жүзеге асыру үшін жүйелі түрде оқытудағы өзекті мәселелер қарастырылатын пән мұғалімдерінің ӘБ отырыстары өткізілді.

➤ 2018-2019 оқу жылы барысында ғылыми-әдістемелік жұмыс мектептің жұмыс Жоспарына сәйкес өткізілді. Қызмет келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылды:

➤ **Педагог қызметкерлермен және оларға теңестірілген тұлғалармен жұмыс** (біліктілік арттыру курстары, коучингтер мен менторингтер, семинарлар, зерттеушілік жобалар: Action Research және Lesson Study, мектепшілік бағалау аясында сабақтарды бақылау, педагог қызметкерлерді аттестациялау, Experts Lab жұмысы, жас мамандар мектебінің жұмысы, әдістемелік кеңес, басылымдар);

➤ **Оқушылармен жұмыс** (олимпиада, ғылыми-зерттеушілік және шығармашылық жобалар, «супер-оқушы» жобасы).

## 2.2. Педагог қызметкерлердің кәсіби дамуы

Педагог қызметкерлердің кәсіби даму жоспары кәсіби сұранысы мен қиындықтары диагностикасының нәтижесіне негізделген және күтілетін нәтижеге жетуге бағытталған.

### «Профессиограмма» жобасы

Оқу жылының жаңалығы ретінде 2018 жылдың 10 қазанындағы (№4 хаттама) педагогикалық кеңес бекіткен «Профессиограмма» жобасын айтуға болады. Профессиограммада педагог қызметкерлердің шеберлік деңгейлеріне қойылатын талаптар мен оқу жылының міндеттері қамтылған. Профессиограммаға негіздей отырып, әр педагог қызметкер оқу жылына арналған өзінің жеке жұмыс жоспарын құрды. Оқу жылының барысында педагог қызметкерлер өз жұмысына рефлексия жасай отырып, кәсіби даму жоспарларына толықтырулар мен түзетулер енгізіп отырды. Өзінің мықты және әлсіз тұстарын, келесі даму кезеңінде жетілдіретін жақтарын анықтады. Жұмысына баға беретін дәлелдер базасын жинақтап, талдау жасады. 2019 жылдың 23 сәуір мен 17 мамыр аралығында бекітілген кестеге сай ӘБ мұғалімдерімен оқу жылындағы кәсіби даму қорытындысы бойынша отырыстар өткізілді. Мұғалімдердің кері байланысына сүйенсек, есеп берудің таныстырылым және портфолио дайындау түрі тиімді болып табылады, себебі бұл мұғалімдердің аттестацияға материал жинақтауы мен дайындалуына қызмет етеді. Сонымен қатар, педагогтердің кәсіби өсуге деген ұмтылысын арттырады.

### Біліктілік арттыру курстары

Мектептің әр мұғалімінің өзінің педагогикалық қызметін жүзеге асыру барысында кәсіби біліктілігін арттыру үшін қажеттілігі мен мүмкіндігі болды. Педагог қызметкердің кәсіби біліктілік арттыруының басым бөлігін өзін-өзі дамыту құрайды, осы бағытта мектепшілік курстар ұйымдастырылды: тілдік (қазақ және ағылшын тілі), ақпараттық-



коммуникативтік технологиялар және педагогикалық білім (CLIL, дарынды балаларды дамыту (СТУ), сабақты зерттеу (LS), іс-әрекеттегі зерттеу (AR). Аталмыш курстарды мектептің қажеттілігіне сай арнайы мектептің сертификатталған тренерлері өткізді.

## I. Қазақ тілі курсы

Мектептің педагогикалық қызметкерлерінің тілдік деңгейлерін дамыту және Қазтест емтиханын тапсыру үшін қазақ тілі бойынша 2018 жылдың 5 қазанынан бастап 30 қызметкерге (10 - базалық, 7 - орта, 5 - ортадан жоғары, 8 - жоғары) деңгейлер бойынша «Базалық» (Жантуриева Г.Б.), «Орта» (Сралиева М.Б., Алмагамбетова Ж.К.) және «Ортадан жоғары» (Тажигалиева Г.К.) курс өткізілді. Сабақ кестелері сай келмегендіктен, кейбір тыңдаушылар курсқа уақытылы қатыса алмады. Сондықтан тренерлер жеке сабақтар өткізіп, қажет оқу ресурстарын (Тіл құрал А2, В1, В2 и С1 аудиожазбалармен бірге) электронды нұсқада таратып отырды.

2018-2019 оқу жылындағы Қазтест емтиханының нәтижесі бойынша 30 қатысушының 23-і сертификаттарға ие болды: 1 - «қарапайым», 2 - «базалық», 12 – «орта», 4 – «ортадан жоғары» және 4 - «жоғары».

Бүгінгі күні 6 мұғалім сертификатсыз: Утеуова Э., Землянушнова Л., Акопова Т., Черноярлова Е., Ниеткалиева А., Халелова А.

Сонымен қатар, қазақ тілін меңгеруі кәсіби біліктілік талаптарына сай емес мұғалімдер де бар: Каженов Р., Кудабаяева Г., Батырова Г., Ажғалиева Г., Буршеков А., Кульбекова Ж., Кульбекова М., Матов Н., Отаров М., Бабикенова А.

### 2018-2019 оқу жылындағы мұғалімдердің Қазтест нәтижесі

Барлық мұғалімдер	Сертификаты бар	Қазтест деңгейі бойынша				
		қарапайым	базалық	орта	ортадан жоғары	жоғары
116	110	7	11	20	27	45

## II. Ағылшын тілі курсы

Оқу жылы барысында 5 мұғалім (Куанышқалиева А.Т., Сагаденова У.М., Абилова А.Г., Каленова А.Ж., Иржанов Д.Б.) ағылшын тілінен курс ұйымдыстыруға қызығушылық білдірді. Сабақтар халықаралық IELTS және Aptis емтихандарының форматына сай тілдік дағдыларды дамытуға бағытталды. Емтихан алдында жазылым және айтылым дағдыларын жетілдіру мақсатында қосымша сабақтар өткізілді, оған кейбір халықаралық мұғалімдер де тартылды. Курсқа қатысушылардың кері байланысы бойынша курстың тиімділігі жоғары болды.

2018 жылы курсқа қатысушылардың 19-ы IELTS емтиханын тапсырды. Нәтижесінде мынадай сертификаттарға ие болды: А2 – 4, В1 – 10, В2 – 5.

2019 жылы курсқа қатысушылардың 16-сы төмендегідей нәтиже көрсетті: А2 – 1, В1 – 7, В2 – 4, С1 – 4.

Бүгінгі күні 9 мұғалім сертификатсыз: Айбулатова Р., Есекенова Г., Ниеткалиева А., Халелова А., Мулдағалиев Н., Ажғалиева Г., Бабикенова А., Букаева Б., Хамзина Э.

Сонымен қатар, ағылшын тілін меңгеруі кәсіби біліктілік талаптарына сай емес мұғалімдер де бар: Кудабаяева Г., Киматова Г., Хусанова Ж., Каженов Р., Доскали Г.



### 2018-2019 оқу жылындағы мұғалімдердің IELTS нәтижесі

Барлық мұғалімдер	Сертификаты бар	IELTS деңгейі бойынша													
		3,0	3,5	4,0	4,5	5,0	5,5	6,0	6,5	7,0	7,5	8,0	8,5	9,0	
116	107	17	12	25	13	9	6	9	9	6	1	0	0	0	

### III. Ақпараттық-коммуникативтік технологиялар курсы

АКТ курсының ұйымдастыру үшін оқу жылының басында информатика пәні мұғалімдері педогог қызметкерлердің қажеттілігі мен сұранысын анықтау мақсатында сауалнама өткізді. Сауалнама нәтижесінде төмендегі бағыттар бойынша оқыту жоспары құрылды:

- ✓ интерактивті тақтамен жұмыс;
- ✓ құжаттармен ортақ жұмысты интернет арқылы ұйымдастыру;
- ✓ сыныппен сабақтан тыс уақытта бірлескен жұмысты ұйымдастыру;
- ✓ корпоративті поштаның мүмкіндіктерін қолдану;
- ✓ видео және аудионы монтаждаудың жеңілдетілген түрі;
- ✓ интерактивті сауалнамалар құру және т.б..

Жоспарланған сабақтар демалыс уақыттарында ұйымдастырылды. Курс соңында тыңдаушылар алған білімін бекіту үшін сабаққа арналған түрлі ресурстар дайындады. Оқу процесі кезінде тренерлер курсқа қатысушылардың игерген АКТ мүмкіндіктерін қолдануын бағалау мақсатында сабақтарына қатысты. Кейбір сессия нәтижелері бойынша тренер мен қатысушы АКТ мүмкіндіктерін қолдану бойынша бірлескен сабақ жоспарын құрды. Үздік сабақ жоспарлары ІІ республикалық «АКТ сабақта қолдану» педагогикалық конкурсына жіберілді, нәтижесінде мына мұғалімдер марапатталды: Абилова А. (ІІ орын), Жанахметов А., Сулейменова А., Унгаралиева Э. (ІІІ орын).

### IV. Оқушылардың дарындылығын дамыту курсы

«Балалардың дарындылығын дамыту» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тренерлер тарапынан (Темербаева Б.Д., Зияхметова Н.М., Магзумова А.С. және Утеуова Э.К.) мұғалімдерді дайындау мен дарынды балаларды оқыту тәжірибесін бақылау шаралары өткізілді. Аталмыш курстарда «Балалардың дарындылығын дамыту» бағдарламасының 3-деңгейі қарастырылды. Курс тыңдаушылары дарындылық ұғымын, Гарднер бойынша интеллект түрлерін зерттеп, дарынды балалар туралы түрлі пікірлерді талқылады. Курс тыңдаушыларының кері байланысына сүйенсек, аталмыш курс дарынды балалардың табиғатын, олардың қажеттіліктерін, олармен жағымды қарым-қатынас орнату жолдарын, бір тапсырманың әр түрлі қызығушылықпен және жылдамдықпен орындалу сырларын түсінуге көмегі болды.

Балалардың дарындылығын дамыту бағдарламасы аясындағы оқыту курстарында тренерлер тарапынан педагог қызметкерлердің тәжірибесіне, дарынды балалармен жұмыс тәсілдері мен әдістерін жүзеге асыруда қолдау көрсетілді.

Курста негізінен жұмыс түрлеріне, оқытудың дифференциацияланған қағидалары мен стратегияларына баса назар аударылды. Оқыту курстарында қарастырылған дифференциацияның қағидалары (жеделдету, күрделендіру, проблемалық бағдарлау,



шығармашылық) мен оқыту модельдері (негіздеме моделі, сұрақтар ағымы және т.б.) тыңдаушылар үшін сабақта қолдануға тиімді болды.

Курстың мазмұнын талдағаннан және бағалағаннан кейін тренерлер тарапының шешімі бойынша курс қатысушылары арасында зерттелген әдістерді бөліп, өзара сабаққа қатысу ұйымдастырылды. Осылайша пәндер тұрғысынан модельдер мен стратегияларды тәжірибеде қолдану үшін дифференциация әдістеріне арналған шағын зерттеу тобын құру туралы шешім қабылданды. Курстың әр қатысушысы дарынды оқушыларға арналған сабақты жоспарлау және тапсырмаларды бейімдеу бойынша тренермен кеңесіп, ашық сабақ өткізді. Сабақты бақылау тәжірибесі мынаны анықтады: дифференциалды тапсырмалар білім беру материалдарын дұрыс және тиімді бейімдеуге, оқушылардың қосымша әлеуетін дамытуға, дарынды оқушылардың ойлау қабілетін ең төменгі деңгейден жоғары деңгейіне дейін артуына көмектеседі. Әріптестердің әлсіз тұсы ретінде дифференциаланған тапсырмалар байланысын белгілі бір сабақтар ағымында немесе белгілі бір тарау аясында ұстап тұра алмауын айтуға болады. Болашақта курстың практикалық бағытына, бірін-бірі оқыту мен тыңдаушылардың өзара бағалауы сынды мәселелерге көп көңіл бөлу керек.

#### **V. Content and Language Integrated Learning (CLIL)**

2018-2019 оқу жылында CLIL курсы тілдер координаторы мен сертификатталған 13 CLIL тренерінің қолдауымен ұйымдастырылды (Сегізбаева Б.Т., Сахиева А.К., Амангалиева С.А., Кудабаяева Г.А., Аймуханов Н.М., Бекешев У.М., Исмагулова Г.В., Кариева Г.Ж., Молдабек Г.М., Кунакбаева А.Ж., Абуова Б.Б., Магзумова А.С., Сулейменова А.А., Зияхметова Н.М.). Барлық тренер мұғалімдер өз тәжірибесіне аталмыш әдістің теориялық және әдістемелік негізін (қолдаушы стратегиялар, жоғары дәрежелі сұрақ қою стратегиясы, пәнаралық интеграция, пікірталас пен зерттеу арқылы оқушылардың танымын дамыту стратегиясы) енгізе отырып, тәжірибе тарату мақсатында 32 тыңдаушы үшін теориялық және практикалық сабақтар өткізді.

Бұл курстың ерекшелігі – оқыту курс тренерлері үшін каскадты режимде өтті; тренерлер CLIL стратегияларын қолданып, тыңдаушылар үшін сабақ өткізді, кейін курс тыңдаушылары алған білімді өз сабақтарында қолданды. Тыңдаушылар мен курс тренерлерінің рефлексиясына сүйенсек, курсты ұйымдастырудың бұндай жолы теориялық материалды қаншалықты меңгергендіктеріне мониторинг жасауға және құрылымды кері байланыс алуға мүмкіндік береді.

#### **CLIL стратегиясын қолдана отырып, тілдік құзыреттілікті және оқытуды дамыту бойынша ұсыныстар:**


- ✓ CLIL тренерлері тарапынан мұғалімдерге CLIL әдістерін сабақта қолдану бойынша қолдау көрсету;
- ✓ Joint Planning жобасы бойынша тілдік құзыреттілікті арттыруды қажет ететін мұғалімдерге ментор тағайындау;
- ✓ CLIL аясында бірлескен жоспарлаудың тиімділігі бойынша зерттеуді жалғастыру;
- ✓ Әдістемелік қолдау көрсету үшін ЖОББМ мұғалімдерімен бірлескен зерттеу жұмыстарын жүргізу.

#### **2.3. Менторинг. Коучинг. Семинарлар.**

Оқу жылы барысында әр әдістемелік бірлестікте мұғалімдер педагогикалық үрдістің тиімділігін арттыру мәселелерін қарастыратын жеке, топтық үлгідегі түрлі коучингтер





өткізді (1-қосымша). Коучингті енгізудің түрлі кезеңдері қолданылды: коучинг принциптеріне үйрету; алған білімді практикада қолдану; басылымдар мен ашық сабақтарда, дөңгелек үстелдерде, вебинар мен конференцияларда үздік тәжірибе тарату.



Биылғы оқу жылында ментор ретінде 42,7% мұғалім тартылды, ал 57,3% мұғалім педагог қызметкерлер үшін коучинтер өткізді.

Өткізілген шаралардың 38,8% ұзақ мерзімді және бір реттік болды. Олардың өткізілуі педагогикалық ұжымның сұранысына байланысты.



НЗМ және ЖОББМ мұғалімдері үшін барлығы 113 коучинг пен менторингтер өткізілді. Басым бөлігі - 62,8% - мектеп деңгейінде; 23,3% - қалалық және 12,8% - облыстық деңгей.

#### 2.4. Жас мамандар мектебінің жұмысы

Ғылыми-әдістемелік жұмыстың басым бағыттарының бірі - «Жас мамандар мектебі» аясындағы жас мамандармен жұмыс болып табылады. Мақсаты - теориялық және практикалық білімін жүзеге асыру барысында туындаған сұрақтар мен педагогикалық шеберлігін арттыруда, әдістемелік білігін көтеруде жас мамандарға көмек көрсету.

Қойылған мақсатқа жету үшін мынадай міндеттер анықталды: жас мамандар жұмысына білім берудің жаңа технологияларын енгізу; жас мамандар мен тәжірибелі мамандар арасында өзара байланыс пен бірлескен қызметті дамыту; қазіргі білім берудегі мәселелер бойынша жас мұғалімдердің зияткерлік әлеуетін тарта отырып, семинарлар мен конференциялар өткізу; жас мамандардың өз білімін жетілдіруге, оқыту мен тәрбиелеудегі жаңа әдістер мен тәсілдерді меңгеруге деген үздіксіз ынтасын қалыптасыру; теориялық білімін практикада жүзеге асыру қабілетін шыңдау.

«Жас мамандар мектебінің» координаторы ретінде оқу бөлімінің әдіскері тағайындалды. Жас мамандар мен олардың тәлімгерлері арнайы бекітілген жоспар бойынша жұмыс жасады. Оқу жылы барысында тәлімгер мұғалімдердің жетекшілігімен мынадай бағыттар бойынша сабақтар өткізілді:

- ұйымдастырушылық-практикалық жұмыс (ішкі тәртіп ережелерімен, мектеп құжатының жүргізілуімен танысу);
- кеңес беру (КДМ бойынша тақырып таңдау), жас мамандарға арналған практикалық сабақтар, сабақ талдау, жаңа оқу жылына жоспар құру, оқу жылының нәтижелері бойынша пікірлесу;





- өзара сабаққа қатысу (жас мамандарға әдістемелік көмек көрсету мақсатында сабаққа қатысуы, тәлімгер мұғалімнің сабағына жас маманның қатысуы, ата-аналар жиналысы)


## 2.5. Зерттеушілік жобалар

### ➤ Action research

Назарбаев Зияткерлік мектептерінде ғылыми зерттеу жүргізу үшін «мектеп деңгейіндегі мұғалімдердің кәсіби және көшбасшылық қасиетін» дамытуға бағытталған құралдардың бірі - Action Research (AR) (Іс-әрекеттегі зерттеу) жобасы кеңінен қолданылады. Бұл жоба оқу процесін жақсартуға арналған (Мадеева, Насыгазы, Салтыбаева, 2016).

Аталмыш жоба жұмыстарын ұйымдастыру үшін мектепте координаторлар тағайындалды: Серғалиева А.Е. (директордың сыртқы байланыстар жөніндегі орынбасары), Ақдонова В.Р. (ағылшын тілі пәні мұғалімі), Кдиршаев О.А. (жаһандық перспективалар пәні мұғалімі), Панина О.А. (биология пәні мұғалімі). Оқу жылы барысында AR жобасы аясында зерттеу жүргізудің теориясы мен практикасын қамтитын, өз қызметін зерттеу мен бағалауға арналған стратегиялар бойынша мұғалімдерге арналған 3 сессия отырысы өткізілді. Мұғалімдердің басым бөлігінің зерттеу тақырыптары «Тілдер және үштілділік», «Білім, дағды, құзіреттілік» бағытында таңдалған, бұл осы мәселелердің терең қарастырылуын талап етеді (1-қосымша).

Оқу жылында 56 мұғалім іс-әрекеттегі зерттеу бойынша жұмыстанды, бұл педагогикалық ұжымның 50%-ын құрайды. 18 зерттеу жұмысының нәтижесі **III аймақтық «Зерттеу жұмысы арқылы мұғалімнің кәсіби өсуі: бүгін мен ертеңі» атты ғылыми-практикалық конференцияға** постер және секциялық отырыстарда баяндама ретінде ұсынылды (2-қосымша).



Іс-әрекеттегі зерттеулердің басым бөлігі топтық (жұптық) жұмыстар болды – 93,9%.

Бұл педагогикалық ұжымның іс-әрекеттегі зерттеуді жеке жүргізуге (өз пәні бойынша) тырысу керектігін танытады. Мұғалім-сарапшылар белсенділік көрсетуі керек.

*1-қосымша*

### Action Research жобасы аясындағы зерттеу тақырыптарының топтастырылуы

Бағыттары	Зерттеу тақырыбы
Тілдер және үштілділік	• Как повысить мотивацию к улучшению языковой грамотности через углубленное изучение неязыкового предмета?



	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Как развить языковые навыки и самостоятельность учащихся, используя задания исследовательского характера?</li> <li>• Совместное планирование учителей русского языка и изобразительного искусства: активизация академического языка учащихся при описании картин</li> <li>• Графикалық органайзерлер арқылы айтылым дағдысын дамыту</li> <li>• Какие стратегии скаффолдинга являются более эффективными при преподавании химии на ЯЗ</li> </ul>
Педагогика	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Как эффективно использовать методы дифференциации в преподавании предметов естественно-математического цикла для организации работы с одаренными учащимися?</li> <li>• Қоғамдық-гуманитарлық пәндерде саралап оқыту принциптерін қолданудың тиімді жолдары қандай?</li> </ul>
Білім, дағды, күзiреттiлiк	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Насколько эффективно использование различных видов и приёмов самостоятельного обучения для развития навыка чтения у учащихся 10-х классов на уроках русского языка и литературы?</li> <li>• Как развить навык письма через анализ несплошных текстов (диаграмм)?</li> <li>• Проекты на уроках - средство развития исследовательских навыков учащихся</li> <li>• Қазақ тiлi сабағында оқушыларға мәтiндi зерделету арқылы автордың ойы мен шығармашылық мүмкiндiгiн таныту</li> </ul>

2-қосымша

### III аймақтық ғылыми-практикалық конференцияға іс-әрекеттегі зерттеу жұмыстарының нәтижесін ұсынған педагог қызметкерлердің тізімі

№	Педагог қызметкерлердің аты-жөні	Жұмыстың тақырыбы
1	Ашимова Д.Т., Аймуханов Н.М., Каленова А.Ж., Кунакбаева А.Ж., Кушекенова К.Т., Кариева Г.Ж., Жакыпжанова А.С., Унгаралиева Э.С., Черноярова Е.А.	Сабақ үдерісінде оқушыларды өз бетімен білім алуға жетелеудің тиімді тәсілдері
2	Опря О.В., Иргалиев С.С.	Проекты на уроках - средство развития исследовательских навыков учащихся
3	Абылхасанова М.М., Кариева Г.Ж., Есенгубекова Ж.С.	Нұсқаулықтар көмегімен зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру арқылы оқушының өз бетімен жұмыс дағдысын дамыту.
4	Унгаралиева Э.С., Сальменова Т.Б.	Насколько эффективно использование различных видов и приёмов самостоятельного обучения для развития навыка чтения у



		учащихся 10-х классов на уроках русского языка и литературы?
5	Губина Л.В., Кульбекова Ж.С.	Совместное планирование учителей русского языка и изобразительного искусства: активизация академического языка учащихся при описании картин
6	Зияхметова Н.М., Нурмуханова Г.А., Темербаева Б.Д., Ишанова Г.К. Есенгубекова Ж.С. Ишмуханбетов Н.А.	Как эффективно использовать методы дифференциации в преподавании предметов естественно-математического цикла для организации работы с одаренными учащимися?
7	Тажигалиева З.Т.	Іс-әрекеттегі зерттеу: Қазақ тілі сабағында оқушыларға мәтінді зерделету арқылы автордың ойы мен шығармашылық мүмкіндігін таныту
8	Киматова Г. Т., Бисенова С. А.	Как повысить мотивацию к улучшению языковой грамотности через углубленное изучение неязыкового предмета?
9	Бердигалиева Л.А., Магзумова А.С., Сальменова Т.Б., Акдонова В.Р., Мунбаев С.Х., Утеуова Э.К., Жасыбаева А.А., Турарбеков Д.М.	Қоғамдық-гуманитарлық пәндерде саралап оқыту принциптерін қолданудың тиімді жолдары қандай?
10	Амангалиева С.А. , Сралиева М.Б	Графикалық органайзерлер арқылы айтылым дағдысын дамыту
11	Букаева Б.С., Хусанова Ж.Б., Хасанова И.О.	Интегрированные домашние задания как способ снижения загруженности учащихся НИШ
12	Батырова Г. Б., Жасыбаева А. А., Мунбаев С.Х.	Жас мамандардың кәсіби дамуындағы сабақты зерттеудің рөлі: мүмкіндіктер, қиындықтар
13	Сегизбаева Б.Т., Саугабеков К.У., Кудабаяева Г.А., Сахиева А.К.	Профессиональное развитие учителей через совместное планирование учителей-предметников и учителей - языковедов
14	Бакытжанова С.А., Брекеева С.З., Садыкова Г.Н.	Как развить языковые навыки и самостоятельность учащихся, используя задания исследовательского характера?
15	Брекеева С.З., Зеленов Б.А.	Как развить навык письма через анализ несплошных текстов (диаграмм)?
16	Кушекенова К.Т., Темербаева Б.Д., Садыкова Г.Н.	Развитие навыков самостоятельного обучения через исследовательскую деятельность на уроках математики
17	Абилова А.Г., Аймуханов Н.М.	Наставничество как средство улучшения профессионального развития учителя
18	Мукатаева А.К., Мерри	Какие стратегии скаффолдинга являются более эффективными при преподавании химии на ЯЗ




### ➤ Lesson study

Мұғалімдердің кәсіби шеберлігін арттыру және мектептегі кәсіби қауымдастықты дамыту мақсатында Lesson Study жобасы өз жұмысын жалғастыруда. Оқу жылы барысында 65 мұғалім сабақты зерттеумен айналысты, бұл педагогикалық ұжымның 60% құрады. 2014 жылы Lesson Study бойынша Хироюки Кунонадан дәріс алған 12 мұғалім мектепішілік сабақты зерттеудің жүргізілуіне бағыт беріп, шығармашылық топтардың жетекшілері міндетін атқаруда. Мектепте 17 шығармашылық топ құрылды. Бұл топтар оқу жылының соңында дифференциациялық және өзбетімен оқыту, оқушылардың зерттеу дағдыларын дамыту бойынша жұмыс нәтижелерімен бөлісті. Зерттеу тақырыптары өткен оқу жылында берілген кері байланыс пен ұсыныстың негізінде таңдалды. Олар: дифференциациялық оқыту, өз бетімен оқыту, оқушылардың зерттеу дағдыларын дамыту (1, 2-қосымша). Негізінде 13 топтық зерттеу 7-9 сыныптар арасында жүргізілді.

Оқу жылының басында мектептегі Lesson Study жобасының даму аймағы анықталды. Өріптестерге қолдау көрсету мақсатында шығармашылық топтарға жетекші ретінде Lesson Study тренерлері тағайындалып, сабақты зерттеудің тиімді әдістеріне көңіл бөлінді. Зерттеу топтарының жұмыс нәтижелерін **III аймақтық «Зерттеу жұмысы арқылы мұғалімнің кәсіби өсуі: бүгін мен ертеңі» атты ғылыми-практикалық конференциясының** секциялық отырысында және постерлік секциясында таныстырды. Lesson Study жобасы аясында кәсіби қолдау көрсету мақсатында қалалық №5, 30, 36, 46 мектептері мен Вальдор мектеп-гимназиясы мұғалімдеріне арналған семинар өткізілді. Семинардың ұйымдастырушылары ретінде тек Lesson Study тренерлері ғана емес, оқыту үрдісінде аталмыш әдіс-тәсілдерді шебер қолдана білетін мұғалімдер де болды. Тренерлер мұғалімдерге тәжірибе жүзінде сабақты бақылау және оған талдау жасау әдістерін көрсетті. Зерттеу жобалары бойынша семинарлар облыс және қала мектептері директорларының тағылымдамасы аясында да өткізілді. Мектеп басшылары сабақты зерттеудің түрлі әдістерін пайдалана отырып, сабақтарды бақылады және өз мектептерінде аталмыш жобаны жүзеге асыру жолдарын талқылады.

Осы оқу жылы өткізілген зерттеулер мұғалімдерге сабақты бақылау және талдау әдістерін тереңірек түсінуге, тәжірибе жүзінде тиімді қолдануға, сыни ойлауға, өз жұмыстарына сын тұрғысынан қарай білуге және сабақты бақылау бойынша ойларын өзгертуге септігін тигізді.



Бұл кесте Action Research & Lesson Study жобалары бойынша жүргізілген зерттеулердің таратылуын және нәтижелілігін көрсетеді. Негізінде зерттеу нәтижелері мектеп деңгейінде



постер және есеп түрінде ұсынылды. Зерттеу тәжірибесін әдістемелік құрал ретінде тарату ұсынылады.

**Зерттеу жобалары бойынша жұмыстарға қорытынды жасау кезінде төмендегі ұсыныстар берілді:**

- ✓ зерттеу тақырыптарын құрастыру кезінде мәселені нақты анықтау;
- ✓ шығармашылық топтар құру кезінде мұғалімдердің кәсіби дайындығының түрлі деңгейде екеніне назар аудару: кәсіби дайындық деңгейі жоғары мұғалімдер (мұғалім-сарапшы, мұғалім-модератор) кәсіби қауымдастықта өз әріптестеріне тәлімгер болады;
- ✓ зерттеу мәселелері бір сыныпта немесе бірдей паралельде кездескен жағдайда мұғалімдерді бір топқа біріктіру;
- ✓ сабақты зерттеу дағдыларын жақсарту мақсатында күнделікті тәжірибеде сабақты талдау және бақылау әдістерін қолдану;
- ✓ жұмыс нәтижесін ұсыну кезінде ұтымды жақтары мен жетілдіретін тұстарын көрсету, алдағы зерттеу үшін нақты ұсыныстар беру;
- ✓ жүргізілген зерттеу нәтижесі бойынша мұғалімнің кәсіби дамуындағы өзгерісті көрсету;
- ✓ жүргізілетін зерттеу мен мониторинг деңгейін арттыру үшін эксперттер тобын («Болашақ» стипендиаттары, НУ түлектері, мұғалім-сарапшылар, тренерлер) құру;
- ✓ зерттеу нәтижелерін ғылыми мақалалар жинағы немесе әдістемелік құралдар ретінде тарату.

*1-қосымша*

### **III аймақтық ғылыми-практикалық конференциясында сабақты зерттеу жобасы аясында жұмыс нәтижелерін ұсынған шығармашылық топтар**

<b>№</b>	<b>Педагогикалық қызметкерлердің аты-жөні</b>	<b>Зерттеу тақырыбы</b>
1	Исмагулов А.А., Бисалиев С.А., Буршеков А.М.	Как преодолеть психологические барьеры учащихся на уроках физической культуры?
2	Сралиева М.Б., Алмагамбетова Ж.К., Мунбаев С.Х., Жантуриева Г.Б., Сахиева А.Х., З.Т.Тажигалиева	Как визуальные материалы способствуют развитию навыка говорения учащихся?
3	Жакыпжанова А.С., Алмагамбетова Ж.К., Мунбаев С.Х., Жантуриева Г.Б., Сахиева А.Х.	Как развить языковые навыки учащихся через неплотные тексты?
4	Матов Н.А., Кульбекова Ж.С., Кульбекова М.С., Отаров М.Т.	Развитие навыков критического мышления на уроках искусства через ИКТ
5	Конурова А. М., Золотарь М. В., Демеугалиева Г. Т., Акопова Т. Д., Кайдарова Г. М., Сатова Ж. М., Шаңова Ж.Р.	Исследование развития навыков самостоятельной деятельности учащихся на уроках физики с использованием стратегии Lesson Study



6	Бекмуханова Г.А., Бисенова С.А., Губина Л.В., Хасанова И.О.	Как использовать принципы дифференциации на уроках русского языка для повышения мотивации учащихся к изучению предмета
7	Анесова Ж.М., Есекенова Г.Т., Габдуллина Н.Г., Садыкова Г.Н., Есенгубекова Ж.С., Зинуллина С.К., Сейлова М.К., Сисенбаева Ш.Ж.	Как повысить качество обратной связи на уроках математики, чтобы развить навыки решения задач учащихся?
8	Абуова Б., Мулдағалиев Н., Бегжанова М., Сагаденова У., Карекенова С.	Эффективные пути развития исследовательских навыков учащихся на предметах социальных дисциплин
9	Жаннатова А.К., Жанахметов А.С.	Как повысить качество знаний учащихся через дифференцированные задания?
10	Акмуханов А.У., Аюпов Т.К.	Как развить академический язык учащихся на уроках физической культуры?
11	Сулейменова А.А., Хусанова Ж.Б., Ташенова Д.К., Зеленев Б.А.	Как эффективно организовать групповую работу на уроке?



## «Сабақты зерттеу» жобасы бойынша тақырыптардың топтастырылуы

Бағыты	Зерттеу тақырыбы
Тілдер және үштілділік	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Как развить языковые навыки учащихся через несплошные тексты?</li> <li>• Как развить академический язык учащихся на уроках физической культуры?</li> </ul>
Педагогика	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Исследование развития навыков самостоятельной деятельности учащихся на уроках физики с использованием стратегии Lesson Study</li> <li>• Как использовать принципы дифференциации на уроках русского языка для повышения мотивации учащихся к изучению предмета?</li> <li>• Как повысить качество знаний учащихся через дифференцированные задания?</li> </ul>
Білім беру, дағды, күзiреттілік	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Как визуальные материалы способствуют развитию навыка говорения учащихся?</li> <li>• Развитие навыков критического мышления на уроках искусства через ИКТ</li> <li>• Эффективные пути развития исследовательских навыков учащихся на предметах социальных дисциплин</li> <li>• Как эффективно организовать групповую работу на уроке?</li> </ul>
Бағалау	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Как повысить качество обратной связи на уроках математики, чтобы развить навыки решения задач учащихся?</li> </ul>
Психологиялық және физикалық денсаулық	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Как преодолеть психологические барьеры учащихся на уроках физической культуры?</li> </ul>

## 2.6. Мектепшілік бағалау аясында сабақтарды бақылау

Педагогикалық қызметкерлердің кәсіби дамуына қолдау көрсету мақсатында сабақтар меен іс-шараларды бақылауды ӘБ жетекшісі, әріптестер, мектеп әкімшілігі жүргізеді. Педагогикалық қызметкердің қызметін бағалау кезінде оның кәсіби даму мақсатына сай сабақтарда, іс-шараларда тәжірибесінің дамуына басты назар аударылады. Кестеге сәйкес сабақтарды бақылау үрдісіне 2-3 бақылаушы қатысады, бұл өз кезегінде бағалаудың әділ, әрі объективті өтуіне мүмкіндік береді. Жыл бойы бірінші және екінші жартыжылдықта мұғалімдер 4 фокус: жоспарлау, оқыту, оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау және кешенді талдау бойынша, ал кураторлар, психологтар, кітапханашылар 3 фокус: жоспарлау, оқыту және кешенді талдау бойынша сабақтар өткізді.

Бақылаушылар педагогикалық қызметкердің сабаққа дайындалуына (кәсіби даму мақсатына және сабақ фокусына ерекше көңіл бөлінеді), сабақтың өткізілуіне (бақылау),



сындарлы кері байланыс беруіне басты назар аударады және бақылау фокусына байланысты сабақты бағалау парағын толтырады.

Бақылаушылар сабақтарға қатысу кезінде әр педагогикалық шеберлік деңгейінің критерийлері анықталған «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ-ның педагогикалық қызметкерлері мен оларға теңестірілген тұлғалардың біліктілік талаптарына сүйене отырып, бағалайды.

Жыл бойы барлық әдістемелік бірлестіктің педагогикалық қызметкерлері бекітілген кестеге сәйкес сабақтар өткізді.

Мұғалімдердің сабақты жоспарлау, оқыту, бағалау және кешенді талдау тәжірибесі дамуының ұтымды тұстары:

- ✓ оқушыларды оқыту кезінде күтілетін нәтижелерді нақты қадағалау;
- ✓ оқушыларды бағалау критерийлерін бірлесе отырып құрастыруға қатыстыру;
- ✓ оқушының бойына жаңа білімді өз бетімен меңгеру қабілетін қалыптастыру;
- ✓ оқушылардың жобалық және зерттеушілік қызметін жүзеге асыру;
- ✓ оқушыларды оқу қызметін бағалау үрдісіне қатыстыру;
- ✓ оқушылардың кездескен қиындықтары мен қателіктеріне талдау жасай отырып, білімді сәтті меңгеруі үшін оның жолдарын анықтау.

Сондай-ақ, кейбір қиындықтармен байланысты төмендегі жағдайларға да ерекше көңіл бөлу қажет:

- сабақты бақылау кезінде мұғалімнің кәсіби даму мақсатына жетудегі ілгерілеуді анықтау қиындық туғызады;
- оқушылардың қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, сабақта дифференциация бойынша жұмыстар әлсіз көрсетіледі.

#### **Педагогикалық қызметкерлерге ұсыныстар:**

- қызметті біліктілік талаптарына сай жүзеге асыру қажет;
- сабақта мектептің және мұғалімнің кәсіби даму мақсаты көрініс табуы керек;
- сабақтарда дифференциация әдістері мен қағидалары арқылы өз бетімен жұмысты дамыту қажет;
- оқушылардың қабілеттерін және ақпаратты қабылдауын ескере отырып, сабақтарда дифференциацияланған тапсырмаларды қолдану керек;
- білім сапасы мониторингін жиі өткізіп тұру қажет;
- оқушыларға әрдайым сындарлы кері байланыс беріп отыру керек.

#### **Сабақты бақылаушыларға ұсыныстар:**

- 2017 жылдың 13-сәуіріндегі №16 хаттамасына сәйкес «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Басқармасының бекітілген шешімін, «НЗМ» ДББҰ филиалдарындағы педагогикалық қызметкерлердің аттестациясы аясында мектепшілік бағалау» әдістемелік ұсыныстарын басшылыққа алу;
- оқытуға өзгеріс енгізу мақсатында сабақты бақылау бойынша сындарлы кері байланыс беру;
- сабақты бақылау үшін жағдай туғызу және әріптестерді тиімді оқыту бойынша тәжірибе алмасу;
- «Бір мұғалімге 4 фокус бойынша сол бұрынғы бақылаушылар» қағидасы негізінде сабақты бақылау кестесіне өзгертулер енгізу, бұл өз кезегінде алдыңғы сабақтарда берілген ұсыныстарды ескере отырып, әріптесінің кәсіби дамуын байқауға мүмкіндік береді;





- бақыланған сабақ бойынша субъективті пікірді жою үшін академиялық адалдық ережелерін негізге алу.

### Педагог қызметкерлердің аттестациясы

Аттестациядан өтетін педагогикалық қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалармен жұмыс «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДДБҰ-ның аттестацияға дайындық Жоспарына сәйкес жүргізілді. Мектепшілік бағалауда кәсіби дамуды қолдау бойынша тренерлер кәсіби даму мақсатын құрастыру кезеңдерін түсінуге, кәсіби даму диагностикасын жүргізе білуге, фокустар бойынша бақылау жүргізуге және сындарлы кері байланыс беруге бағытталған семинарлар, шеберлік сағаттарын, тренингтер, сұхбаттар өткізді.

Мұғалімдерге оқу жылына SMART критерийі бойынша КДМ құрастыру үшін өз кәсіби дамуын сыныптағы тәжірибесімен байланыстыру ұсынылды. ӘБ жетекшілері кәсіби даму мақсатын құрастыру, бірлескен жоспарлау және сабақты бақылау, жоспарлау, оқыту, оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау, кешенді талдау фокустары бойынша сабақты бақылау парағын толтыруда әдістемелік көмек көрсетті.

Жеке қажеттіліктерін ескере отырып, даму аймағын анықтауда, кәсіби даму мақсатын дұрыс құрастыруда, мақсатқа жету бойынша нәтижелерге талдау жасауда, алдағы уақытта кәсіби даму бойынша ұсыныстар беруде қолдау көрсету олардың кәсіби өсуіне оң нәтижесін берді. Жылдық шолудың қорытындысы бойынша олардың жұмыстарына берілген баға мен кері байланыс өз жұмыстарына деген сенімділіктің артқанын және кәсіби деңгейінің біраз өскенін айтып, пікір білдірді.

Аттестацияға дайындық кезінде мұғалімдерге рефлексивті есеп жазуға қолдау көрсетілді. Аталмыш жұмысқа тренерлермен қатар, тәлімгер рөліндегі мұғалім-сарапшылар да қатыстырылды. Олардың берген кері байланыстары аттестациядан өтуші мұғалімдерге өз есептеріне түзету енгізіп, жақсартуға мүмкіндік берді.

Ағымдағы жылдың 3-4 маусым аралығында педагогикалық қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларға арналған аттестацияның қорытынды кезеңі өтті. Аттестациядан өтуші мұғалімдердің таныстырылымы ойдағыдай өтіп, аттестациялық комиссия мектеп әкімшілігі мен тренерлердің тыңғылықты жұмыс жасағанын ерекше атап өтті. Алайда рефлексивті есеп жазуда кейбір ескертулер айтылды, сондай-ақ алдағы даму аймағы анықталды. Соның ішінде, мақсатты анықтауға және күтілетін нәтижеге, талдау мен синтез негізінде қорытынды жасауға ерекше назар аудару қажет.

#### Ұсыныстар:

1. Келесі оқу жылына кәсіби даму мақсатын ағымдағы оқу жылының соңында кездескен мәселелерге талдау негізінде анықтау керек.
2. Рефлексивті есеп жазуда біліктілік талаптарын басшылыққа алу және бағалау критерийлерін негізге алу қажет.

#### Кесте. 2018-2019 оқу жылындағы аттестация нәтижесі

Аттестациядан өтушінің категориясы	Өтініш білдіру	Аттестациядан өткен	Аттестация	Өтінім берілген педагогикалық шеберлік деңгейі	Берілген педагогикалық шеберлік деңгейі



	шілер саны	дер саны	дан өтпегендер саны	мұғалім	модератор	сарапшы	базалық	бірінші	мұғалім	модератор	сарапшы	базалық	бірінші
Пән мұғалімдері	21			4	10	7			4	9	7		
Кураторлар, қосымша білім беру педагогтары	6							6					6

## 2.7. Әдістемелік кеңес жұмысы

2018-2019 оқу жылында әдістемелік кеңестің жұмысы оқу жылының басында бекітілген жоспарға сәйкес жүргізілді. Бұйрыққа сай әдістемелік кеңестің құрамына 31 педагогикалық қызметкер кірді. ӘК барлық мүшелері 3 фракцияға (қоғамдық-гуманитарлық, тіл, жаратылыстану-математикалық пәндер) бөлінді, фракция көшбасшылары анықталды.

Жыл бойы ӘК-тің 5 отырысы өтті. Әдістемелік кеңестің жұмысы міндетті аттестациядан өтетін мұғалімдерге әдістемелік көмек көрсетуге, МК аясында мұғалімдердің кәсіби дағдыларына мониторинг жасауға, мектептің педагогикалық қызметкерлерінің тәжірибесін таратуға бағытталды.

Бірінші отырыста мұғалімдер мен педагогикалық қызметкерлердің кәсіби даму мақсаты, сондай-ақ мектепшілік бағалау аясындағы сабақты бақылау парақтары қарастырылды.

Әдістемелік бірлестік жетекшілерінің ұсынған МБП негізінде педагогикалық қызметкерлердің жартыжылдық қызметтерін шолу жұмыстарынан кейін КДМ-н түзету бойынша ұсыныстар берілді, екінші жартыжылдық бойынша алдағы даму аймағы анықталды. Мұғалім жұмыстарының қорытындысы мектепшілік бағалау аясында мұғалімдер тәжірибесінің жылдық шолуында көрсетілді.

ӘК жұмысының қорытындысы бойынша мектепте қолдану үшін Профессиограмма, «7-сынып оқушыларының жеке даму траекториясы» жобасы аясында «7-12 сынып оқушыларының зерттеушілік мәдениеті» тақырыбындағы бағдарламасы және әдістемелік ұсынымдар жинағы құрастырылып, ұсынылды. ӘК мүшелерінің ұсынған 10 мақаланың ішінен 5 мақала желіаралық «Мұғалім-зерттеуші» журналына іріктеліп алынды. Сондай-ақ, отырыс аясында қалалық білім беру бөлімінің әдістемелік кеңесіне – 2, облыстық білім беру бөлімінің әдістемелік кеңесіне – 2, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ әдістемелік кеңесіне, білім беру бағдарламалары Орталығына, педагогикалық шеберлік Орталығына – 5 элективті курс пен оқу-әдістемелік құралдар қарастырылуға берілді (1-қосымша).

**Келесі оқу жылына ұсыныстар:**



1. Отырыс кезінде фракция көшбасшылары бұл жұмыстар бойынша эксперттік баға беріп, қорытынды жасау үшін ӘК фракциялары элективті курс бағдарламаларымен, әдістемелік құралдармен алдына ала танысып алғандары жөн.

2. ҚДМ таңдау кезінде мұғалімдерге мектептің әдістемелік тақырыптарын негізге алу ұсынылады. Мұғалімдерге дифференциация және өз бетімен оқудың әдіс-тәсілдерін зерттеп, оны қолдану ұсынылады.

3. Әрбір әдістемелік бірлестік мұғалімдеріне мәселені жүйелі, әрі жан-жақты зерттеу мақсатында зерттеудің бір ғана саласын таңдау ұсынылды.

## **2.8. «EXPERTS LAB» жобасы**

Мектепте директордың бұйрығына сәйкес педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру, олардың шығармашылық дамуына қолдау көрсету мақсатында «Сарапшылар зертханасы» құрылды. Аталмыш бастаманы 12 мұғалім-сарапшы қолдады. Зертхана мүшелері өздерінің міндеттері мен құқықтарын көрсеткен Ережені құрастырып, бекітті. Ең алдымен, зертхана жұмысының басында мектеп әкімшілігімен жиналыс өткізіліп, оқу жылына мақсат-міндеттер қойылды. Мектеп қауымдастығын дамыту және мектепте кездесетін мәселелерді шешу мақсатында 6 шығармашылық топ жасақталды (1-қосымша). Топтардың құрамына сертификатталған тренерлер, Назарбаев университетінің магистрлері және «Болашақ» Халықаралық шәкіртақысының иегерлері кірді.

Жыл бойы аталмыш шығармашылық топтар мектеп деңгейінде зерттеумен айналысты. Бұл жұмыс Орал қаласындағы ФМБ НЗМ-да 2018 жылы сәуір айында халықаралық аккредитациядан өткізген CIS ұйымының берген ұсынысы негізінде алғаш рет ұйымдастырылды. Әрбір шығармашылық топтың жетістігін мектептің оқу және ғылыми жетістіктеріне мониторинг жасауынан, мұғалімдердің кәсіби дамуын басқаруынан, мәселелерді шешу бойынша берген ұсыныстарынан анық көруге болады. Топтар атқарған жұмыс нәтижелерін мектеп әкімшілігі алдында таныстырды.

Жыл бойы мұғалім-сарапшылар құрастырылған кестеге сай әріптестерінің сабақтарына қатысып, дифференциация қағидаларын және оқушылардың өз бетімен оқуын дамытудағы әдіс-тәсілдерді қолдану бойынша талқылау жүргізіп, сындарлы кері байланыс бере білді. Сондай-ақ, онлайн сабақтар мен семинарлар өткізіп, ОӘК-ге рецензиялау жүргізді.

Іс-әрекеттегі зерттеуді жүргізу мақсатында мұғалім-сарапшылар оқытылатын пәндер бойынша зерттеулер жүргізіп, оның нәтижесін конференцияларда мақала және постер түрінде ұсынды. Аймақтық конференцияға кейбір мұғалім-сарапшылар секция модераторы ретінде қатысты.

Сарапшылар зертханасының жұмыс нәтижесі мен есебі бойынша алдағы оқу жылына төмендегідей ұсыныстар берілді:

- ✓ шығармашылық топтарға зерттеу нәтижесі бойынша нақты өнім ұсыну;
- ✓ Назарбаев Зияткерлік мектептерінің желілік қауымдастығында өзара қарым-қатынас орнату бойынша жұмыстарды жетілдіру.

## **2.9. Оқушылармен жұмыс**

- **«7-сынып оқушыларының жеке даму траекториясы»**
- ✓ 2018-2019 оқу жылы 7-сынып оқушыларының жеке даму траекториясын қамтамасыз ету бойынша алғашқы оқу жылы екенін атап өткен жөн. Осы мақсатта мектептің



әдістемелік кеңесінің ұсынылған шешімімен (2018 жылдың 8-қыркүйектегі №1 хаттамасы) әдістемелік ұсыным құрастырылды. Аталмыш жоба 7-сынып оқушыларын пәндік олимпиадаларға, байқауларға дайындауға және жоғары сыныптарда кәсіби жолын таңдауда көмек көрсетуге бағытталған.

- ✓ Осыған орай, бірнеше кезеңдерден тұратын жұмыстар жүргізілді.
- ✓ **Жұмысты ұйымдастыру және ақпарат жинақтау кезеңінде** дарынды оқушылармен жеке жұмыс жоспары құрастырылып, бекітілді; қызығушылығы мен қабілеті бойынша пәндерді таңдаған оқушылар тобы анықталды; СТУ тестінің нәтижесіне және 7-сынып оқушыларының танымдық үдерісін анықтауға бағытталған диагностикасына талдау жасалды.
- ✓ **Бақылау-диагностикалық кезеңінде** қыркүйек айының басында оқушылардың деңгейін анықтау мақсатында пәндер бойынша ішкі бақылау емтиханы өткізілді; Гарднер интеллектінің көптік типін анықтау үшін тест қорытындылары зерттелді.
- ✓ **Түзету-дамыту кезеңінде** басқа пән мұғалімдерімен, кураторлармен, психологтармен, мектеп дәрігерімен және ата-аналармен оқушылардың қабілеттері бойынша бірлескен талқылау жұмыстары жүргізілді.
- ✓ Оқушылар пән бойынша олимпиадаларға, байқауларға қатысты. Оқу жылының соңында атқарылған жұмыстар бойынша қорытынды жасалып, траекториядағы әр оқушының рейтингі анықталды.
- ✓ 7-сыныпта 115 оқушы білім алады.

**2018-2019 оқу жылындағы 7-сынып оқушыларының академиялық қызметі бойынша сандық есеп**

№	Сынып	Оқушы саны	Оқушылардың олимпиадаларға қатысуы		Оқушылардың жобаларға қатысуы		Оқушылардың байқауларға қатысуы	
			Оқушы саны	Пайыз	Оқушы саны	Пайыз	Оқушы саны	Пайыз
1	7А	24	20	83,33	16	66,67	14	58,33
2	7В	23	14	60,87	9	39,13	11	47,83
3	7С	22	17	77,27	9	40,91	5	22,73
4	7D	22	18	81,82	10	45,45	8	36,36
5	7E	24	19	79,16	15,00	62,50	10	41,67
<b>Жалпы саны</b>		<b>115</b>	<b>88</b>	<b>76,52</b>	<b>59</b>	<b>51,30</b>	<b>48</b>	<b>41,74</b>

- ✓ Талдау кезінде 7-сыныптың кейбір оқушылары мектепшілік олимпиадаға бірден екі пәннен қатысып, жүлделі орындарға ие болғаны анықталды. Ал 7 «Е» сынып



оқушысы Д.Искарова 6 пәннен олимпиадаға қатысып, 3 пәннен: физика, биология, химиядан жүлделі І орынға ие болған. Оқушыларға алдағы уақытта бір ғана пәнді таңдау ұсынылды. Бұл оларға өз кезегінде болашақ мамандықтарын анықтауға және кәсіби құзіреттіліктерін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

## 2.10. Элективті курстар

Ағымдағы оқу жылы мектептің педагогикалық ұжымы оқушылардың қажеттіліктеріне жауап беретін, олардың ғылыми, зерттеушілік және интеллектуалдық ой-санасының дамуына мүмкіндік беретін элективті курстар бағдарламасын құрастыру және енгізу жұмысын жалғастырды. Түрлі сыртқы элективті курстарға қатысушы оқушыларға тәжірибе алмасу бойынша іс-шаралар өткізілді. 2017-2020 жылдарға арналған мектептің даму Жоспарындағы «Оқыту, білім беру және бағалау» деп аталатын 3-бөлімінің «Олимпиада үміті» жобасы» атты 5-бөлігін жүзеге асыру мақсатында ағымдағы оқу жылы мамандарды тарту арқылы элективті курстар ұйымдастырылған болатын.

### 2018-2019 оқу жылында оқушылармен жұмыстануға шақырылған мамандар тізімі

№	Аты-жөні	Пәні	Ғылыми/ академиялық дәрежесі	Оқушы саны
1	Утаубаева Алма Уахитовна	Жалпы және молекулярлық генетика негіздері	Б.ғ.к., доцент	10
2	Стульников Евгений Александрович	Математика бойынша олимпиада есептерін шешу	магистр	18
3	Сарсен Бағлан Темірбекұлы	Информатика бойынша олимпиада есептерін шешу	магистр	16
4	Каумбаев Суннатолла Абдуғаниұлы	Химия бойынша олимпиада есептерін шешу	магистр	13
5	Бисембай Асхат Арматұлы	Математика бойынша олимпиада есептерін шешу	бакалавр	14
6	Ондыбаева Сауле Бакытқызы	Биотехнология негіздері	магистр	17

#### ➤ «Ғалымдарды тарту арқылы оқушылардың зерттеу жұмысын дамыту» жобасы

Зияткерлік мектептердің талантты және дарынды оқушыларын оқыту және тәрбие беру бойынша 2015-2018 жылдарға арналған іс-шаралар Жоспарына сәйкес оқушылардың ғылыми-практикалық әлеуетін және зерттеу дағдыларын дамыту мақсатында 7-9 сыныптардағы 18 оқушымен мектеп жылыжайында ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізу үшін Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің доценті, ауылшаруашылығы ғылымдарының кандидаты Губашева Бибігүл Ернарқызы шақырылған болатын.



Жоба жұмысын ұйымдастыру бойынша бірлескен жұмыс жоспары, келісімшарт және сабақ кестесі құрылып, оқушылар іріктелді (ӘБ ұсынысы және ғалым жүргізген сұхбат бойынша). Оқу жылы бойы түрлі формада сабақтар өткізіліп (дәрістер, практикалық және зертханалық сабақтар), әр айдың соңында шақыртылған ғалым есеп беріп, атқарылған жұмыстар бойынша акт толтырып отырды.

### Ғылыми жобалармен айналысатын оқушылардың тізімі

Оқушының аты-жөні	Ғылыми жобалардың тақырыптары
Нурушев Ильяс	Сортоизучение редиса
Абдірахман Ляйля	Озеленение пришкольной территории
Исанбекова Алина	
Беккалиева Мадина	Выгонка тюльпанов в зимний период
Нурмуханова Ардак	
Искакова Сабина	Особенности технологии выращивания зеленых овощных культур
Лукпанова Айгерим	
Гатауова Нургуль	Динамика роста и развития земленики ремонтантной "Медовый вкус F1"
Кудайбергенова Алуа	Влияние сорта на урожай огурцов

### 2.11. Пәндік декадалар

Мектептің басым бағыттарының бірі – әдістемелік жұмыстарының жоспары аясында мұғалімдердің кәсіби күзіреттілігін арттыруға, сондай-ақ, оқушылардың танымдық және шығармашылық белсенділігін дамытуға жағдай жасау. Осы мақсатта 2018-2019 оқу жылында кіріктірілген пәндік декадалар өткізілді.

№	Декада атауы	Мерзімі
1	«Сөз құдіреті» (қазақ, орыс, ағылшын) тілдер декадасы	2018 жылдың 2-сі мен 13- қазан аралығы
2	«Химичим за компьютером» (информатика, химия) декадасы	2018 жылдың 5-сі мен 17-қараша аралығы
3	«Рухани жаңғыру – мәңгілік ел бастауы» (тарих, география, ЖПжЖЖ) декадасы	2018 жылдың 26-сы мен 8-желтоқсан қазан аралығы
4	«Наши приоритеты – школьные ценности» (кураторлар, тәрбиешілер) декадасы	2019 жылдың 21-і мен 1- ақпан аралығы
5	«Золотое сечение» (математика, өнер) декадасы	2019 жылдың 4-і мен 16- ақпан аралығы
6	«Өмір – бұл қозғалыс»/ «Движение – это жизнь» (физика, биология, дене шынықтыру) декадасы	2019 жылдың 1-і мен 13- сәуір аралығы
7	«Жан-жақты зияткермен жарқын болашаққа...» (кітапханашылар, психологтар, қосымша білім беру педагогтары) декадасы	2019 жылдың 15-і мен 27- сәуір аралығы



Кіріктірілген пәндік декадаларда оқушылар ғылыммен, оның тарихымен жақын танысуға мүмкіндік алды. Барлық пәндік декадалар тәжірибеге бағытталды, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырды, шығармашылық қабілеттерін дамытты, дүниетанымдарын кеңейтіп, жалпымәдени құзіреттіліктерін қалыптастырды.

Декада аясында өткізілген қызықты, танымды іс-шаралардың сценарийлерін қағаз және электронды түрде сақтап, ал үздіктерін басылымға жариялауға ұсынылды.

## 2.12. Олимпиадалар. Ғылыми және шығармашылық байқаулар.

Мұғалімнің жұмыс нәтижесі оқушыларының пәндік олимпиадаларға, байқауларға, басқа да іс-шараларға қатысуы мен жеңіске жетуінен көрінеді. Пән мұғалімдері желілік, республикалық және халықаралық олимпиадаларға, зияткерлік байқауларға қатыстыру үшін қабілетті және үздік оқушыларды анықтау мақсатында түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануға тырысты.

### Оқушылардың түрлі деңгейдегі олимпиадаларға қатысуы

Жобаның атауы (байқаулар, олимпиадалар)	Олим пиада өткізу мерзімі	Өткізу түрі (қашықтық немесе тікелей, сырттай)	Жүлдегерлер, сертификат иегерлерінің саны	Оқушылардың жалпы санынан қамтып алғанда жобаларға қатысушылар %
<b>Қалалық деңгейдегі олимпиадалар</b>				
Республикалық олимпиаданың II мектепшілік кезеңі	2018	тікелей	65	11%
Жасөспірімдер олимпиадасы	2019	тікелей	8	1,3 %
<b>Облыстық деңгейдегі олимпиадалар</b>				
Республикалық олимпиаданың III мектепшілік кезеңі	2019	тікелей	20	3,5%
Химия пәнінен желілік Сәтпаев олимпиадасы	2018	тікелей	1	0,1%
Химия пәнінен олимпиада	2019		5	0,9 %
<b>Республикалық деңгейдегі олимпиадалар</b>				
Республикалық пәндік олимпиадалар	2019	тікелей	5	0,9 %
Қазақ тілі пәнінен XIII Республикалық олимпиада	2018	қашықтық	1	0,1 %
Қазақстан тарихы пәнінен олимпиада Лидер.KZ	2018	қашықтық	2	0,3 %



<b>Халықаралық деңгейдегі олимпиадалар</b>				
mega-talant.com жобасы бойынша химия пәнінен XII халықаралық олимпиада	2019	қашықтық	2	0,3 %
Робототехника бойынша бүкіләлемдік олимпиада	2018		2	0,3 %

Мектепішілік пәндік олимпиада жеңімпаздары мен жүлдегерлері саны – 65 оқушы, бұл өз кезегінде жалпы оқушылар санынан қамтып алғанда 11% -ды құрады. Түрлі деңгейдегі олимпиадаларға қатысушылар саны – 110, жалпы оқушылар санынан қамтып алғанда 19% -ды құрады.

### **Оқушылардың ғылыми жобаларға, байқауларға қатысуы**

Жобаның атауы (байқау, олимпиада)	Өткізілу мерзімі	Өткізу түрі (қашықтық немесе тікелей, сырттай)	Жүлдегерлер, сертификат иегерлерінің саны	Оқушылардың жалпы санынан қамтып алғанда жобаларға қатысушылар %
<b>Мектеп деңгейіндегі ғылыми жобалар мен байқаулар</b>				
Республикалық ғылыми жобалар байқауының I кезеңі	2018	тікелей	6	0,9 %
<b>Облыстық деңгейдегі ғылыми жобалар мен байқаулар</b>				
Ғылым күніне орай ұйымдастырылған I облыстық ғылыми-практикалық конференция	2019	тікелей	31	5,3%
«Туған өлке - туған тарих» облыстық ғылыми-зерттеу байқауы	2018	тікелей	6	0,9 %
Республикалық ғылыми жобалар байқауының II кезеңі	2019	тікелей	4	0,7 %
«Зерде» ғылыми жобалар байқауы	2019		3	0,5%





<b>Республикалық деңгейдегі ғылыми жобалар мен байқаулар</b>				
Латын әліпбиін насихаттау мақсатында өткізілген жаппай диктант жазу бойынша желілік байқау	2019	тікелей	4	0,7 %
Республикалық «Жас әл-Фараби» VI ғылыми-практикалық конференциясы	2019	қашықтық	7	1,2%
«Ғарыш. Ғылым. Интеллект» атты IX Наурыз кездесулері	2019	тікелей	4	0,7 %
Республикалық ғылыми жобалар байқауының III кезеңі	2019	тікелей	1	0,1 %
<b>Халықаралық деңгейдегі ғылыми жобалар мен байқаулар</b>				
II Халықаралық ғылыми жобалар байқауы	2018	қашықтық	1	0,1 %
Мәскеу қаласында өткен «Старт в науке» Халықаралық байқауы	2018	қашықтық	6	1%
В.И.Вернадский атындағы XXVI байқау	2019	тікелей	2	0,3%
«Вода в жизни человека» атты химия пәнінен Халықаралық байқау	2019	қашықтық	2	0,3 %
«Сәтпаев оқулары» Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы	2019	тікелей, қашықтық	5	0,9%
INFOMATRIX – ASIA 2019	2019	қашықтық	5	0,9%



«Горизонт» атты ғылыми эссе бойынша Халықаралық байқау	2019	қашықтық	1	0,1 %
--	------	----------	---	-------

Оқушылардың ғылыми-зерттеу жобаларына және байқауларына қатысуына келетін болсақ, осы оқу жылында 88 оқушының бұндай шараларға қатысқанын көре аламыз. Бұл өз кезегінде мектеп оқушыларының жалпы санынан қамтып алғанда 15%-ды құрады. Осы оқу жылында олимпиада жеңімпаздары мен жүлдегерлер саны аз және қатысу нәтижелілігі орташа. Бұндай жағдайдың туындауына себеп - педагогикалық ұжымның дарынды балаларды анықтаудағы жұмысының тиімді жүргізілмеуінде, олимпиадаға қатысу кезіндегі дайындықтың жеткіліксіздігінде. Оқушылардың Республикалық олимпиадасының барлық кезеңдеріндегі нәтижелеріне талдау жасай отырып, Орал қаласындағы ФМБ НЗМ оқушыларының сандық және сапалық көрсеткішін көруге, сондай-ақ олимпиадаға оқушыларды тиімді жүйе арқылы дайындай алатын педагогтарды анықтауға мүмкіндік берді.

#### Ұсыныстар:

1. Жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық пәндердің мұғалімдеріне дарынды балалармен сабақ және сабақтан тыс кезде дифференциациялық жұмысты жүйелі түрде өткізу.
2. 7-11 сыныптарға сабақ беретін мұғалімдерге оқушыларды ғылыми жобаларға, байқауларға және олимпиадаларға қатыстыру мақсатында олардың ынталарын арттыру үшін жұмыс түрлерін ойластыру.
3. Мұғалімдерге демалыс кезінде олимпиадаларға, байқауларға тиімді дайындалу үшін және олимпиадалық резерв қалыптастыру үшін оқу-жаттығу жиындарын ұйымдастыру.

#### 2.13.Тәжірибе тарату

##### ➤ Семинарлар мен тәжірибелер

«НЗМ» ДБҰ тәжірибе тарату жұмысы бойынша жоспарына сәйкес, Батыс Қазақстан облысы әкімдігі мен «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДБҰ арасында жасалған меморандум шеңберінде жұмыс жасалды.

Тәжірибе тарату төмендегідей формалар бойынша өтті:

1. Облыстың мұғалімдеріне арналған шеберлік сағаттары мен семинарлар.
2. Облыстың мектеп директорларына арналған тағылымдама.
3. Облыстық мектеп психологтары мен кітапханашыларына арналған семинарлар.
4. Облыс мектептерінің тәрбиешілері мен кураторларына арналған семинарлар.
5. «Өрлеу» ҰБАО ПАО курсының тыңдармандарына арналған ашық сабақтар мен шеберлік сағаттары және т.б.

Іс-шаралардың негізгі тақырыптары төмендегідей сұрақтарды қамтыды:

1. Жаңартылған білім мазмұны аясында тиімді білім беру үрдісін ұйымдастыру



2. Бағалау
3. Пәндерді оқытудағы инновациялық әдістер
4. Жаратылыстану-математика пәндерін ағылшын тілінде оқыту
5. Кітапхана жұмысындағы инновациялар
6. Жаңартылған білім беру аясында мектептегі басқаруды өзгерту
7. Профильді білім беруді ұйымдастыру
8. CLIL әдісінің ерекшелігі мен креативті жазуға үйрету
9. Білім берудегі көшбасшылық
10. Мектептегі жатақхана, куратор қызметі және тәрбие үрдісін ұйымдастыру

2018 жылдың тамызы мен 2019 жылдың мамыры аралығында төмендегідей іс-шаралар өткізілді:

**Облыс аудандарда өткізілген семинарлары - 4** (Ақжайық, Шыңғырлау, Теректі, Бәйтерек аудандары), барлығы 760 мұғалім қамтылды; Иссапар семинарлары барысында командалық әдіс арқылы 46 сабақ өткізілді, критериалды бағалау мен жоспарлау бойынша 36 семинар, тәрбие жұмысы бойынша 3 семинар, 6 тренинг және мектептің психологтеріне арналған 3 коучинг ұйымдастырылды.

**Облыстың жалпы білім беретін мектеп директорлары мен орынбасарларына арналған тағылымдама – 4** (17 директор және 12 директорлардың орынбасарлары, 2 аудандық әдістемелік кабинеттің меңгерушілері)

**Кітапханашыларға арналған семинарлар – 3** семинар (47 кітапханашылар)

**CLIL бойынша семинарлар – 4** семинар (120 мұғалім)

**Тәрбие жұмыстары бойынша семинарлар - 4** (334 қатысушы)

**Ата-аналарға арналған спорттық спартакиадалар** (облыс мектептерімен бірлесе) – 5 (746 ата-ана)

**«READx», «TEDx», «БҰҰ үлгісі» жобалары бойынша шеберлік сағаттары - 3**

**Сабақты зерттеу бойынша семинарлар** –Орал қаласындағы №36, №46, №30, №5, №42 мектептерде 5 семинар өткізілді ( 127 мұғалім)

**Облыс мектептерінің психологтеріне арналған семинар – 1** (60 психолог)

**Пилоттық мектептерге арналған семинарлар – 5** (61 мұғалім)

**Облыстың мектеп директорлары мен орынбасарларына арналған «Батыс INNOVATIONS» дарынды балалар жобасы аясында өткізілген семинар - 2** (48 қатысушы). Семинар барысында 16 ашық сабақ пен 6 семинар өткізілді.

**Академиялық адалдық бойынша семинарлар - 2** (26 колледж директорлары мен 86 облыстың мұғалімдері)

**«Өрлеу» ҰБАО филиалының тындармандарына арналған семинарлар - 2** семинар (55 адам)

Жаратылыстану-математика бағытындағы пәндерді оқыту үшін ағылшын тілін үйреніп жатырған мұғалімдерге арналған тағылымдама – 1 (32 мұғалім)

Пилоттық мектептердің ағылшын тілі мұғалімдеріне арналған үнемі ағымдағы ағылшын тілі курстары (жыл бойына 5 мұғалім үйретілді)

➤ **Қауымдастық пен серіктестік**

Жыл бойына Қазақстан мен ТМД елдерінің мектептерімен білім беру бойынша серіктестік келісімі жасалды:



- а) Муниципалды дербес жалпы білім беретін «№2 Лицей-интернаты» мекемесі, Қазан қаласы, Татарстан Республикасы, Ресей Федерациясы
- б) «Н.И.Лобачевский атындағы лицей» мектеп-интернаты федералды мемлекеттік дербес жалпы білім беретін мекемесі «Қазан (Приволжский) федералды университеті», Қазан қаласы, Татарстан Республикасы, Ресей Федерациясы
- в) №67 мектеп-гимназиясы, Нұр-Сұлтан қаласы, Қазақстан

Оқу жылының басында облыстың арынды балаларына арналған мектептер мен Орал қаласындағы ФМБ НЗМ арасында қауымдастық жайында «Бестік одақ» меморандумы жасалды. Одақтың құрамына С.Сейфуллин атындағы облыстық мамандандырылған дарынды балаларға арналған №11 мектеп-интернат кешені, облыстық мамандандырылған дарынды балаларға арналған №8 мектебі, Батыс Қазақстан облыстық мамандандырылған дарынды балаларға арналған «Білім- инновация» мектеп-лицей-интернаты, Батыс Қазақстан облыстық ақпараттық технологиялар бойынша мамандандырылған дарынды балаларға арналған мектеп – лицей – интернаты кіреді. Оқу жылы бойына қазан, қараша, қаңтар және ақпан айларында тәжірибе тарату мақсатында мектеп ұжымы мен педагогтеріне өткізілді.

Өткен оқу жылынан бастап халықаралық IELTS және APTIS емтихандарын ұйымдастыратын British Council ұйымымен серіктестік жалғасты. Жыл бойына оқушылар мен мектептің педагогтеріне арнап 3 емтихан ұйымдастырылды. Сыртқы байланыстарды дамыту аясында қаланың әлеуметтік нысандарымен серіктестік меморандумдары жасалды. Жоспарға сәйкес мектептің оқушылары мен мұғалімдеріне арналған шетелге білім беру сапарлары ұйымдастырылды. Мектеп мұғалімдері «Білім берудегі зерттеулерді өткізу мақсатында мектеп пен университет арасындағы қауымдастық» тақырыбында Кембридж қаласында тағылымдамадан өтті, сондай-ақ CLIL әдісі бойынша Лондон қаласында білім алды (шетелге сапар бойынша есеп беру құжаттамасында). Мектеп оқушылары робототехникадан сайысқа қатысу мақсатында Таиландқа, Колумбия Университетінің базасында ұйымдастырылған Жазғы мектепке, Нью-Йорк қаласындағы Стэнфорд Университетіне барды. Аталмыш курстар арнайы ғылымдардағы дағдыларды дамытуға бағытталған.

### 3. МЕКТЕПТЕГІ ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ

Барлық оқу-тәрбие жұмысы «NIS Program» оқу бағдарламасының мазмұнымен, мектеп пен жатақхананың қосымша білім беру бағдарламасымен, бос уақытты ұйымдастыру қызметімен кіріктіріле отырып, төмендегі бағыттар бойынша жүзеге асады:

Патриоттық тәрбие

Зияткерлік даму

Рухани-адамгершілік тәрбие

Көркем-эстетикалық тәрбие

Физикалық және психологиялық даму

Көпмәдениетті тәрбие

Көшбасшылық дағдыларын дамыту.

Білім алушыларды мектептің құндылықтары, ұстанымы мен миссиясына сай тәрбиелеу бағдарламасы қолданылады.

Мектептің тәрбие жұмысы оқушылардың патриотизм мен көшбасшылық, адамгершілік, зияткерлік және шығармашылық потенциалын дамытуға ықпал етеді.

#### 3.1. Кураторлық қызмет



Кураторлық қызмет – мектептегі тәрбие жұмысының өзегі. Педагог-ұйымдастырушы-кураторлардың қызметі әр оқушының психо-физиологиялық ерекшеліктері мен шығармашылық қабілетін, жеке және ұжымдық қызығушылықтарын ескере отырып, Назарбаев Зияткерлік мектептеріндегі тәрбие Саясаты мен концепциясына негізделеді.


2018-2019 оқу жылында Орал қаласындағы ФМБ НЗМ-де 15 педагог-куратор жұмыс жасады (29 сынып). Кураторлық сағаттардың тақырыбы тәрбие жұмысының жеті бағытын жүзеге асыруға бағытталды. Әр сыныпта кураторлық сағаттар аптасына 1 рет жоспарға сай өткізіліп отырды. Кураторлар үнемі кәсіби даму жұмыстарымен айналысады. Биылғы оқу жылында 4 куратор аттестациядан өтті. Нәтижесінде 9 куратор І санатты.



2018-2019 оқу жылында «НЗМ» ДББҰ-нан 3 куратор курстан өтіп, мектептің барлық педагогтері мен тәрбиешілерін, кураторларын оқытты. Сонымен қатар Орал қаласының ПШО тарапынан кураторларға, қосымша білім беру педагогтеріне, кітапханашы және жатақхана тәрбиешілеріне арналған 32 сағаттық «Кәсіби дағдыларды дамыту» тақырыбында семинар ұйымдастырылды.



## "НЗМ" ДББҰ-ның біліктілік арттыру курстары



Дене тәрбиесі пәні ӘБ жетекшісі Батырова Г.Б Lesson study бойынша екі күндік семинар ұйымдастырды. Кураторлар сабақ жоспарын бірлесе құруды үйреніп, аталған әдіс бойынша өзара сабаққа қатысып, сабақты бақылады. LS бойынша жұмысты келесі оқу жылында жалғастыру, сонымен қатар кураторлар пән мұғалімдерімен бірлесіп AR бойынша зерттеу жоспарланып отыр.

LS бойынша жұмысты келесі оқу жылында жалғастыру, сонымен қатар кураторлар пән мұғалімдерімен бірлесіп AR бойынша зерттеу жоспарланып отыр.

Кураторлардың мемлекеттік тілді (ҚАЗТЕСТ) меңгеру деңгей көрсеткіші төмендегідей:

- «жоғары деңгей» – 5 педагог;
- «ортадан жоғары деңгей» – 4 педагог;
- «орта деңгей» – 5 педагог;
- деңгейі жоқ – 1 педагог.

Ағылшын тілін меңгеру деңгейінің көрсеткіші:

- IELTS 5.0 – 2 педагог;
- IELTS 4.0 – 2 педагог;
- IELTS 3.5 – 3 педагог;
- IELTS 3.0 – 1 педагог;
- APTIS B1 – 1 педагог;
- APTIS A2 – 2 педагог;
- деңгейі жоқ – 4 педагог.

### 3.2 Тәрбие жобалары

Ағымдағы оқу жылында Назарбаев Зияткерлік мектептерінің "Шаңырақ" оқушылар қауымдастығының жобасына сәйкес он төрт шаңырақ ұйымдастырылды және өз жұмысын жүргізді.



Білім күні "Мен – Қазақстанның патриотымын" атты тәрбие іс-шаралары дәстүрге айналды. Шараларға мектеп оқушыларымен бірге ата-аналар, еңбек ардагерлері және "Алғашқы қоңырау" салтанатының қонақтары қатысады.

Шаңырақтың тәрбие жоспарына сәйкес оқу жылы бойы "Қоғамға қызмет ету" жобасы аясында "28 ілмек", "Көмек қолын соз", "Ақ раушан күні" секілді жәрмеңкелер мен акциялар, қайырымдылық іс-шаралар өткізілді. Облыстың әлеуметтік мекемелерімен келісілген меморандум бойынша шаңырақ оқушылары бірлескен достық кездесулер, концерттер, шеберлік сыныптар және т.б. өткізді. Шаңырақ оқушылары Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай "Қанды азу" қойылымын қойып, М. Баймолданың "14" повесі бойынша қойылған спектакльдің премьерасына барды.

"100 кітап", "100 күй тарихы" жобалары таңертеңгілік жиынға, шаңырақ сағаттарына енгізіліп, мерекелік концерттерде оқушылар оқыған әндері мен күйлерін орындады.

Мектептің спорт залында шаңырақ арасында ұлдар мен қыздар арасында көңілді старттар мен спартакиадалар, баскетбол, волейбол және футбол бойынша жарыстар ұйымдастырылды. Оқушылар өз командаларын жарысқа дайындап, достық қолдау көрсетті.

"Бейбіт елде – Ұлы той" тақырыбында Наурыз және Қазақстан халықтарының Бірлігі күні мерекесі жоғары деңгейде өтті. Әрбір шаңырақ ұлттық мәдениетті, ұлттық тағамдарды, спорттық сайыстарды, Қазақстан халқының бірінің әндері мен билерін ұсынды. Мерекеге ата-аналар, ат-әжелер белсене қатысты.

Ата – аналармен бірлесіп өткізілетін "Денсаулық күні", "Дені саудың - жаны сау", "NIS school Cup" акциялары, "Батыс Лигасы" желілік іс-шарасы бұқаралық спорт түрлерін танымал етуге, салауатты өмір салтын тәрбиелеуге бағытталған.

Жеңіс күні мен Отан қорғаушылар күніне арналған "Патриот" жалпымектептік декадасы және " Память, опаленная войной....." айлығы шеңберінде шаңырақ оқушылары Ұлы Отан соғысы ардагерлерімен және тыл ардагерлерімен кездесулер, қайырымдылық іс-шаралар өткізді.

Мектеп түлектеріне арналған жыл сайынғы дәстүрлі " В семье единой " атты концертте әрбір шаңырақтан сәттілік тілейді, әндер шырқалады, бірлескен естелік фотосуреттер, бейнеқұттықтаулар жасалады.

Оқу жылы бойы шаңырақтың үздік оқушыларының рейтингі жүргізіледі. Бұл оқушылардың оқуы мен қоғамдық қызметіне ынталандырады. Рейтинг нәтижелері оқу жылының соңында шығарылады.

"Назарбаев Зияткерлік мектептері" ДББҰ білім беру саясаты аясында "Қоғамға қызмет ету" жобасы мектеп ашылған сәттен бастап іске қосылған ірі жобалардың бірі болып табылады. Қыркүйек айында әрбір шаңырақ бекітілген әлеуметтік мекемелермен бірлесіп іс-шаралар жоспарлады. Бекітілген мекемеге айына бір рет барумен немесе оларды мектепке шақырумен іс-шаралар ұйымдастырылды. Биылғы оқу жылында төменде көрсетілген бірлескен іс-шаралар ұйымдастырылды:

- әлеуметтік мекемелерде тәрбиеленушілердің жаңа жылдық мерекелерде кездесулері мен құттықтаулары;

-қыш ісі бойынша, құм мен жіптерден суреттер жасау, қуыршақ театры бойынша жас достарға арналған шеберлік сыныптар, жіптерді қолдану арқылы ойындар мен фотосаяхатты ұйымдастырды;



-2019 жылдың қаңтар айында "Ақжайық" және "Атамекен" шаңырақтарының оқушылары Зачаганск ауылындағы отбасылық үлгідегі облыстық балалар ауылына педагог-кураторлар К. К. Ерғалиева мен Г. А. Амированың бастамасымен барды;

- 2019 жылдың қаңтар айында "Сарыарқа" шаңырағының оқушылары балаларды қолдау орталығының өмірлік қиын жағдайда қалған тәрбиеленушілерін шақырды;

- сәуір айында - "Бәйтерек" шаңырағымен бірге "Балалар-еліміздің болашағы" ҚБ-мен балаларға арналған "Цветик-семицветик" танымдық ойыны өткізілді.

Әр сәрсенбі сайын облыстық интеллектісі бұзылған балаларға арналған арнайы мектеп-интернатының оқушылары кітапханаға барды. Бұл балалар үшін келесі шығармашылық сабақтар өткізілді: 3D кітаптар, 3D ашықхаттар, кітап бетбелгілері, тақырыптық коллаждар, иллюстрацияланған кітаптар мен энциклопедиялар оқу.

Жоба оқушыларда жауапкершілік, жанашырлық, адамдарға қамқорлық және құрмет сезімін қалыптастыруға тәрбиелейді. Мектеп оқушылары өздерінің қамқорлығындағыларға жылы қарайды. Осы жоба шеңберіндегі жұмыс жақсы деңгейге қойылған, жаңа оқу жылында бұл жұмыс кеңейтілетін болады.

"100 кітап" жобасының мақсаты – кітаптарға, оқуға, өз елінің тарихын, мәдениетін зерттеуге және басқа мәдениетке деген төзімділікті тәрбиелеу. Бұл жоба оқушылардың 100% оқуға тартуды қамтамасыз етеді.

«Қазақ әндері» және «100 күйдің тарихы» жобаларының негізгі мақсаты - Назарбаев Зияткерлік мектептерінің оқушыларына қазақ халқының тарихын, елдің мәдени мұрасын халықтың бай әні және музыкалық мұрасы арқылы таныстыру.

Осы жобалар аясында оқу жылында түрлі іс-шаралар ұйымдастырылды:

- сейсенбі сайын таңғы жиындар «Жүз күйдің тарихы» тақырыбында өткізілді;
- әр сейсенбі және бейсенбі сайын 7-сынып оқушылары үшін домбыра үйрету сабағы өткізілді, онда балалар «Кенес», «Өрнек», «Еркем-ай» халық әндерінің тарихымен танысып, оларды домбырада ойнауды үйренді;
- сәрсенбіде жатақханада қазақ әндері мен күйлерінің тарихына арналған тәрбие сағаттары өтті.

Еліміздің зияткерлік әлеуетін дамытуға үлес қосатын «Ақылды бейсенбі» жобасы - Орал қаласының ФМБ Назарбаев Зияткерлік мектебінде дәстүрге айналған шаралардың бірі. Атақты ғалымдармен, саясаткерлермен, спортшылармен және кәсіпкерлермен кездесулер мектеп оқушыларына олардың айналасында болып жатқан ғылыми-техникалық процестерді түсінуге, сонымен қатар ғылыми зерттеулерге және жаңалық ашуға деген ынтасын оятуға көмектеседі.

2018-2019 оқу жылында «Ақылды бейсенбі» бағдарламасын іске асыруға ата-аналар қатысты, олардың арасында балаларға айтары бар ата-аналар көп болды:

- 10-12 сыныптың оқушыларына Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-дың энергетика кафедрасының аға оқытушысы Төлегенов Құбайдолла Қалимуллаұлы «Жел генераторлары - баламалы энергия көздері» тақырыбында дәріс өткізді. Оқушыларды баламалы энергия көздерін дамыту жолдарымен тереңірек таныстырды. Оқушылар дәрісті асқан қызығушылықпен тыңдады.
- «Болашақ» бағдарламасының түлегі Мусин Беймбетпен (Ұлыбританияның Саузхэмптон университеті) 11-12 сыныптардағы 150 оқушыға арналған кездесу;





- Назарбаев Университетінің өкілдері жоғары оқу орнына түсу ережелері және құжаттарды рәсімдеу жолдарын таныстыру мақсатында мектеп оқушыларымен кездесу. Қатсыушылар саны - 141.
- ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-дың өсімдік шаруашылығы және ауылшаруашылығы кафедрасының профессоры Вюрков Василий Викторовичпен кездесу;
- «Қазақтелеком» АҚ өкілдері ұлттық байланыс орталығының қызметімен таныстыру мақсатындағы мектеп оқушыларымен кездесуі;
- әскери техниканы өндіру және құрастыру технологиясымен танысу мақсатында «Зенит» Орал зауыты» АҚ өкілдерімен кездесуі;
- ғылыми-зерттеу институттарының қызметімен және G. Global жобасымен танысу мақсатында Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-дың инженерлік-ресурстық үнемдеу ғылыми-зерттеу институтының өкілдерімен кездесуі;
- «Болашақ» бағдарламасының түлегі (Ноттингем университеті, Ұлыбритания) Рамазанова Лаззатпен кездесу;
- «Желаев нан-тоқаш зауыты» АҚ өкілдері оқушыларды ұн тарту зауытының, өндірістік элеватордың және макарон фабрикасының бірыңғай кешенімен таныстыру.

Назарбаев Зияткерлік мектептері «Шаңырақ» оқушылар қоғамдастығының жобасына сай ағымдағы оқу жылында мектепте он төрт шаңырақ өз жұмысын жүргізді.

Шаңырақтардың тәрбие жоспарына сай оқу жылы барысында «Қоғамға қызмет етемін», «28 ілмек», «Көмек қолынды соз» жобалары, «Ақ раушан гүлдер күні» акциясы мен т.б. жәрмеңкелер аясында түрлі қайырымдылық іс-шаралар жүзеге асырылды. Облыстың әлеуметтік мекемелерімен жасалған меморандум бойынша Шаңырақ оқушылары бірлескен кездесулер, концерттер, шеберлік-сағаттарын және т.б. ұйымдастырды. Дебатқа қызығушылық танытатын оқушылар «Жайық жастары» дебат турниріне белсенді қатысты. «100 кітап», «100 күйдің тарихы» жобалары таңғы жиындардың, Шаңырақ сағаттарының жоспарына енгізілді және оқушылар үйренген күйлері мен әндерін концерттерде орындап отырды.

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ бастамасымен оқушылардың туған елін танып-білуге қызығушылығын арттыруға және патриоттық сезімін қалыптастыруға бағытталған «Туған елге тағзым» жобасы енгізілді.

2018-2019 оқу жылының қорытындысы бойынша оқуда және мектептің қоғамдық өміріндегі ең жақсы жетістіктері үшін «Жылдың үздік шаңырағы» атағын жеңіп алған «Алаш» шаңырағы «Туған елге тағзым» экспедициясына жолдама алды. Шаңырақтың үздік 12 оқушысы 2019 жылдың 16-23 маусым аралығында Қарағанды қаласына экспедицияға қатысу үшін іріктелді. Биылғы оқу жылында туған аймағымыздың тарихын тануға бағытталған 9-11 сынып оқушылары мен ата-аналары үшін «Менің кіші Отаным» жобасы ұйымдастырылды.

Оқушыларды ересектердің өмірімен таныстырудың және ата-аналардың жұмысына құрмет сезімін оятудың маңызды аспектісі - әлеуметтік тәжірибе. Жыл сайын мектеп оқушыларына арналған үш әлеуметтік тәжірибе ұйымдастырылады: «Ата-ананың кәсіпорнында бір күн» - 7-8 сынып оқушылары үшін, «Ата-ананың кәсіпорнында 10 күн» - 9-11 сынып оқушылары үшін, «Ауылдағы екі апта» - 7-11 сынып оқушылары. Биылғы оқу жылында 509 оқушы әлеуметтік тәжірибеден өтті.



### 3.3 Оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымы

Мектепте оқушылардың өзін-өзі басқару қызметі жұмыс жасайды, бұл қызметке оқушылардың барлығы үлкен қызығушылықпен ат салысады. Өзін-өзі басқару қызметінің жұмысы Зияткерлік мектеп оқушыларының құқығын жүзеге асыруға бағытталған. Аталмыш ұйымның құрамына шаңырақ көшбасшылары, шешім қабылдай алатын, жауапты, тәртіпті, өзбетінше таңдау жасай білетін, белсенді өмір сүру позициясын ұстанатын, ерекше ұйымдастырушылық қабілеті бар оқушылар кіреді.

Жыл сайын кандидаттар мен сайлаушылар үшін арнайы бекітілген ережелерге сай жасырын сайлау арқылы 1 жыл мерзімге оқушылар арасынан мектеп Президенті сайланады. Биылғы оқу жылында сайлау 12 қазанда өткізілді, мектеп Президенті болып 11D-сынып оқушысы Ахметқали Айнұр сайланды.

Шаңырақов Кеңесінің мүшелері оқушылардың мектеп өміріне қанағаттанушылығын анықтау мақсатында түрлі онлайн-сауалнамалар, анкеталар әзірлеп, өткізді, ұсыныстар енгізу үшін ашық дауыс беру жәшіктерін орнатты, ұсыныстардың жүзеге асырылуы апта сайын мектеп әкімшілігімен талқыланып, жүзеге асыруға бағытталған шаралар жоспары құрылып отырды.

Біздің мектебімізде қайырымдылық жәрмеңкелері өзекті және тиімді болып табылады, оған оқушылар, ата-аналар және мектеп ұжымы қатысады. 2018-2019 оқу жылында «Шаңырақтар кеңесі» екі баланы (Орынғали Алдияр (диагноз: спастикалық тетрапарез) және Алданова Сания (диагноз: нефробластома) емдеуге қаражат жинау ұйымдастырды. Лейкева Ангелинаның диагнозы үшін қаражат жинау мақсатында қайырымдылық дискотекасы және мектеп түлегі Айгарбаева Айаруды емдеуге қаражат жинау үшін қайырымдылық фильмдерін көрсету және футбол турнирі өткізілді (диагноз: бүйрек обыры).

«Ақ раушандар күні» - мектептің кіші қызметкерлерінің еңбегіне құрмет танытатын акция. Бұл күні барлық оқушылар мектепті жалпы тазалау жұмысына қатысады.

Мектеп президенті және «Шаңырақ» Кеңесінің мүшелері «100 кітап» жобасының аясында шаңырақтар арасында «NIS Awards» үлкен кинофестивалін өткізді. Шаңырақ оқушылары «100 кітап» жобасы аясында Назарбаев Зияткерлік мектептерінің бастауыш және орта мектептерінде оқуға ұсынылған көркем әдебиеттер тізімінен көркем шығарма эпизодтарын кинотаспаға түсірді. Кинофестивальді дәстүрлі ету жоспарлануда.

Оқу жылындағы оқушылардың өзін-өзі басқару қызметі бірыңғай жоспарлау қағидатына сәйкес жүзеге асырылды, «Оқушы дауысы» тек оқу іс-шараларына ғана емес, сонымен қатар әртүрлі педагогикалық кеңестер мен семинарларға қатысты, оқушылардың мектеп өміріне өзгеріс енгізетін және белсенді, өмірлік ұстанымы айқын азамат қалыптастыруға бағыттылған жобалары мектеп әкімшілігі тарапынан қолдау тапты.

### 3.4. Үйірмелер мен клубтар жұмысы

Мектепте оқушылардың қызығушылықтарына сай үйірмелер мен клубтар жұмыс жасайды, олар 9-10 сабақта өткізіледі. Ағымдағы оқу жылында 50 үйірме мен клуб жұмыс жасады. Жыл сайын қыркүйек айында «Үйірмелер жәрмеңкесі» өткізіледі, онда оқушылар өздерінің қызығушылықтары бойынша таңдау жасайды. Үйірмелер мен клубтар келесі



бағыттар бойынша жұмыс істейді: зияткерлік - 12, пәндік - 4, техникалық - 3, шығармашылық - 19 және спорттық - 12.

Биылғы оқу жылы 7-сынып оқушылары үшін домбыра сабақтары жалғасын тапты, нәтижесінде 115 оқушы домбырада әуен ойнауды үйренді. Мұндай үйірмелердің енгізілуі оқушылардың дамуына оң әсерін тигізді, сондықтан ол келесі оқу жылында да жалғасады.

Мамыр айында ата-аналарға есеп беру концертінде 7 сынып оқушыларының қосымша білім беру нәтижелері ұсынылды. Жыл қорытындылары бойынша 582 оқушының 443 оқушысы үйірмемен қамтылған, қалған 139 оқушы сабақтан тыс үйірмелерге немесе қосымша сабақтарға қатысады.

Ағымдағы оқу жылында оқушылар түрлі желілік, облыстық, республикалық, халықаралық байқаулар мен жарыстарға қатысып, жақсы нәтижелер көрсетті. Мектеп оқушылары республикалық деңгейдегі байқаулар мен жарыстарда 65 және халықаралық деңгейдегі жарыстарда 1 жүлделі орынды жеңіп алды.

Республикалық деңгейде көркемдік-эстетикалық жарыстарда 55 оқушы, көркем-қолданбалы конкурста 1 оқушы, тілдік сайыста 1 оқушы, спорттық жарыстарда 5 оқушы, экология және туризмде бағытында 3 оқушы жүлдегер атанды.

Республикалық деңгейдегі жеңімпаздар: «Дарын» ұлттық аспаптар оркестрі (жетекшісі О.Кинешев), «Ғажайып» мектеп би ансамблі (жетекшісі А. Тілеуғалиев), дойбы мектебінің ұжымы (жетекшісі Қаяпбергенов К.К.).

Қорытындылай келе, жетістіктердің көпшілігі көркемдік және эстетикалық

### 3.5. Ата-аналармен жұмыс

Отбасы мен мектептің бірлігі, ата-аналармен жұмыстың тиімділігі Орал қаласындағы ФМБ НЗМ жұмысының нақты ұйымдастырылған жүйесі арқылы анықталады.

**Бұл жұмыстың мақсаты** - мектеп пен ата-ананың өзара әрекеттесу формаларын тереңдету және түрлендіру, балаларды тәрбиелеу процесіне ата-аналардың жауапкершілігін арттыру, оларды оқу-тәрбие процесінің жағымды нәтижелеріне қызығушылық танытуға және отбасындағы ата-аналардың беделін арттыруға көмектесу. 2018-2019 оқу жылында келесі міндеттер белгіленді:

1. оқу мен тәрбие ортасында оқушы, мұғалім мен ата-ана арасындағы жағымды атмосфера қалыптастыру;

2. ата-аналармен тығыз қатым-қатынаста болып, табысты жұмыс жүргізу, оларды оқу үдерісі мен сыныптан тыс жұмыстарға тарту;

3. ата-ана мен бала, педагог пен ата-ана арасында сенім мен жағымды қарым-қатынастың қалыптасуына ықпал ету;

4. кіші Отан тарихына деген қызығушылықты дамыту.

2018-2019 оқу жылында қойылған міндеттерді жүзеге асыру үшін мектепте келесі бағыттар бойынша жұмыс ұйымдастырылды:

1. Ақпараттық-хабарлама:

- ата-аналар үшін семинарлар өткізу;
- ата-аналар мен мұғалімдердің мектепшілік жиналыстары;
- оқушыларды тәрбиелеу мәселелері бойынша психологтің жеке консультациясы;
- диагностикалық зерттеулер;



- оқушылардың денсаулығын сақтау мәселелері бойынша ата-аналардың маман дәрігерлермен кеңесуі;

- кәсіптік бағдар беру бойынша мектеп маманының ата-аналарға кеңесі.

## 2. Ұйымдастырушылық қызмет:

- Қамқоршылық Кеңестің отырыстарын өткізу;

- мектепшілік ата-аналар комитетінің отырыстарын өткізу;

- мектепке демеушілік көмек көрсету;

- мектептегі бракераждық комиссияның жұмысына ата-аналардың қатысуы;

- педагог-ұйымдастырушы-куратордың ата-аналармен жеке жұмысы (әңгімелер, кеңестер).

## 3. Шығармашылық:

- мектепте сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру;

- бірлескен сыныптық демалыстарды ұйымдастыру;

- экскурсиялар ұйымдастыру;

- жобалық іс-шараларға қатысу.

Ата-аналар балалардың демалысын ұйымдастыруға белсенді қатысады. Атап айтсақ, туристік жорықтар, кештер, дәстүрлі ұлттық мерекелер, спорттық іс-шаралар, театрға бару, шығармашылық байқауларға қатысу.

Ата-аналардың қатысуымен өткен шаралар ең қызықты әрі есте қаларлықтай болды:

1. Денсаулық күні (7-12 сыныптар) – 22.09.2018 ж.;
2. Қайырымдылық акциялар мен жәрмеңкелер (7-12 сыныптар) – 10.10.2018 ж. және 31.01.2019 ж. – Қайырымдылық жәрмеңкелер, 22.11.2018 ж. – Қайырымдылық би кеші, 22.04.2019 ж. – Қайырымдылық кинокөрсетілім, 26.04.2019 ж. – Футболдан қайырымдылық турнир.
3. «Оқушыларды НЗМ-не қабылдау» мерекесі (7 сыныптар) – 12.10.2018 ж.;
4. Ата-аналардың «Берік отбасы» бағдарламасына қатысуы (7 сыныптар) – 18.01.2019 - 28.02.2019 ж.;
5. Шаңырақ оқушыларның ата-аналары арасындағы спорттық байқаулар, спартакиадалар, эстафеталар. (7-12 сыныптар);
6. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне орай өткізілген «Ұлы дала ұландары» тақырыбындағы домбырашылар флешмобы – 30.11.2018 ж. «Asia Mall» ойын-сауық орталығында өткізілген флешмобқа оқушылар мен ата-аналар қатысты.
7. «NIS Awards» кинофестивалі (7-12 сыныптар) – 16.02.2019 ж. Оқушылар ата-аналарының көмегімен және кураторлардың жетекшілігімен «100 кітап» жобасы тізіміндегі бір шығарма негізінде фильм түсірді.
8. «Батыс Лигасы» аймақтық спартакиадасына ата-аналардың қатысуы – 23.02.2019 ж. Спартакиадада Ақтау, Атырау, Ақтөбе және Орал қалысындағы НЗМ оқушыларының ата-аналарынан құралған командалар қатысты. Біздің мектептің командасы ІІ орынға ие болды.
9. 13.04.2019 ж. атақты қазақ композиторы Шәмші Қалдаяқовтың шығармашылығына арналған «Ән-ғұмыр» атты театрландырылған қойылым Хадиша Бөкеева атындағы Батыс Қазақстан облыстық драма театрында өткізілді. Шарада ата-аналар тек жүргізуші болып қана қоймай, әдемі әуен аясында вальс биледі. Әр қатысушы топтар арасында «Вальс ханзадасы мен ханшайымы» анықталды.



10. Наурыз және Қазақстан Халықтарының бірлігі күніне орай мерекелер (7-12 сыныптар);
11. «Өнер сүйер зияткер» тақырыбындағы 7-сынып оқушыларының есеп беру концерті – 23.05.2019 ж.;
12. «Жарқын болашаққа жолдама» түлектер кеші (12 сынып) – 15.06.2019 ж.;
13. «Біз – бір отбасы» (7-8 сыныптар);
14. «Менің кіші Отаным» жобасы (9-11 сыныптар).

«Менің кіші Отаным» жобасы аясында ата-аналармен бірлескен 34 іс-шара өткізілді (102 ата-ана), ал «Біз – бір отбасы» жобасы аясында 27 іс-шара (135 ата-ана) өткізілді.

Мектеп жатақханасында 30 ата-ананың қатысуымен 28 кездесу өтті.

Ата-аналар қоғамдастығының 6 өкілі мектептің Қамқоршылық кеңесінің құрамына енеді. Биылғы оқу жылында Қамқоршылық кеңесінің отырысы екі мәрте өткізілді: 19.10.2018 ж. және 31.05.2019 ж.

Отырыстарда оқу және тәрбие жұмысының сапасын арттырудың өзекті мәселелері талқыланды. Сонымен қатар мынадай мәселелер қаралды:

- мектеп жатақханасында тұратын оқушылардың дамуы үшін қолайлы орта туғызу;
- «Формула здоровья» оқушыларға арналған кешенді денсаулық сақтау бағдарламасы;
- мектептің алдағы даму бағыттары;
- мектептің даму бағыттары бойынша тұрақты демеушілік көмекті ұйымдастыру.

Мектептің Қамқоршылық кеңесі оқушыларды сауықтыруға қаржылай көмек көрсету шаралары қарастырылып, көпбалалы және толық емес отбасыдан шыққан оқушыларға бассейнге бару ақысын төлеу туралы шешім қабылдады (2019 ж. шілде және қыркүйек айлары).

Осы оқу жылында ата-аналар комитетіне әр сыныптан 3 ата-анадан 87 ата-ана кірді.

Мектепшілік ата-аналар комитеті жұмысының негізгі бағыттары:

1. оқушының өмірі мен денсаулығын қорғауға бағытталған білім беру қызметін қамтамасыз ету;
2. балалардың бос уақытын ұйымдастыру;
3. жобалау жұмыстарына ата-аналардың қатысуы.

Отырыстарда келесі мәселелер қаралды:

- оқушылардың жазғы еңбек демалысын ұйымдастыру бойынша мектептің жұмысына талдау (оқушыларды санаторийге жолдау);
- ата-аналардың демеушілік қаражатының жұмсалғаны туралы есеп;
- «Біз бір отбасымыз» және «Менің кіші Отаным» жобаларын іске асыру;
- оқушылардың тамақтануын ұйымдастыру, мектеп асханасына тексеріс рейдін жүргізу.

Мектептің ата-аналар комитетінің отырыстарында әр түрлі мәселелерді талқылау мектептегі оқу процесінің ашықтығы мен еркіндігіне, оның белгілі бір бағыттардағы жұмысына тұтастай ықпал етеді.

Мектептің ата-аналар қауымдастығымен нәтижелі жұмыс істеуі үшін ата-аналарды оқу-тәрбие процесіне педагог-ұйымдастырушы-куратор ғана тартатындығын түсіну қажет. Мектебіміздегі оқушылардың ата-аналарымен өткізілетін жұмыстар мынадай бағыттар мен формалардан тұрады:

- отбасы мен отбасылық тәрбиенің жағдайларын зерттеу;
- ата-аналарды сыныптағы оқу процесінің мазмұны туралы хабардар ету;
- ата-аналарға психологиялық-педагогикалық білім беру;



- ата-аналар комитетімен өзара әрекеттесу;
- ата-аналар мен оқушылардың бірлескен қызметі.

Оқушыларды оқыту мен тәрбиелеудегі негізгі мәселелер ата-аналар жиналысында талқыланып, шешіледі.

Оқу жылында әр сынып жыл басында ата-аналармен бірлесіп жасаған жоспарына сәйкес жұмыстанды. Жоспарда әр ата-ана немесе ата-аналар тобы іс-шараны немесе жобаны өткізуге жауапты ретінде анықталды. Іс-шараларды жоспарлау бойынша алдын-ала жүргізілген жұмыстар оң нәтиже берді. Ата-аналар жоспарланған іс-шаралар мен жобаларды жүзеге асыруда үлкен жауапкершілік танытты.

Ата-аналармен белсенді қарым-қатынас тәрбие процесіне оң ықпал етеді. Жалпы, мектеп пен ата-ананың қарым-қатынасы әрқашан маңызды болып табылады.

### **Алдағы оқу жылында ата-аналармен жұмысты жақсарту бойынша ұсыныстар:**

1. ашық сабақтан тыс шараларды өткізу;
2. ата-аналарды кураторлық сағаттарға және ата-аналар жиналыстарына тарту;
3. оқушылар мен ата-аналарды біріктіретін іс-шаралар көбірек өткізу;
4. мектеп сайтында ата-аналар үшін интерактивті дәріс залын ұйымдастыру;
5. оқу жылында ата-аналарға мектепшілік және сыртқы ақпарат көздерін (мектеп газеті, мектептің веб-сайтына орналастыру) пайдалана отырып, мектептің жетістіктері туралы көбірек хабарлау;
6. «Жыл отбасы» сайысын өткізу;
7. ата-аналармен жұмыс жасауда жаңа формаларды қолдану (ата-аналар жиналысы, отбасылық жобалар конференциясы және т.б.).
8. мектеп алаңдары мен әлеуметтік нысандарды тазарту үшін бірлескен сенбіліктер өткізу;

### **3.6. Әлеуметтік тәжірибелер**

Назарбаев Зияткерлік мектебінің басты мақсаты - оқушыларға сапалы білім беру және оларды елдің әлеуметтік жауапкершілігі бар, белсенді азаматтары етіп тәрбиелеу. Ол үшін мектеп ұжымы оқушылармен түрлі тәрбиелік шараларды өткізеді. Бұл жұмыстың негізгі бағыттарының бірі - әлеуметтік тәжірибе. Жыл сайын мектеп оқушылар үшін үш әлеуметтік практиканы ұйымдастырады: «Ата-ананың кәсіпорнында бір күн» - 7-8 сынып оқушылары үшін, «Ата-ананың кәсіпорнында 10 күн» - 9-11 сынып оқушылары үшін, «Ауылдағы екі апта» - 7-11 сынып оқушылары. Осы тәжірибелердің арқасында оқушылар ересек өмірдің маңызды аспектілерімен танысады, қарым-қатынас дағдыларын дамытады, ата-ананың жұмысын құрметтеуге үйренеді.

2018–2019 оқу жылында 509 оқушы әлеуметтік практикаларға қатысты. Нақтырақ айтсақ, 195 оқушы «ата-ананың кәсіпорнында 1 күн», 314 оқушы «ата-ананың кәсіпорнында 10 күн» және «ауылдағы екі аптада» 509 оқушы әлеуметтік практикадан өтті.

«Ата-ана кәсіпорнындағы 1 күн» (2019 ж. 27 мамыр) және «ата-ана жұмысындағы 10 күн» (01.06 - 01.08.2019ж.) әлеуметтік практикасы бойынша мектеп оқушылары Орал және Ақсай қаласындағы, сондай-ақ Батыс Қазақстан облысының ауылдарында мемлекеттік және коммерциялық ұйымдар мен кәсіпорындарда өтті. Нәтижесінде әр оқушы ата-ананың жұмыс орны туралы білуге мүмкіндік алып, оның жұмысын құрметтеуге үйренді. Осындай әлеуметтік жобалардың арқасында оқушы мен ата-ананың қарым-қатынасы жақындай түсері сөзсіз.



Оқушылар Батыс Қазақстан облысының Ақжайық, Бөкей Орда, Бөрлі, Жаңақала, Жәнібек, Бәйтерек, Казталовка, Қаратөбе, Сырым, Таскала, Теректі, Шыңғырлау аудандарында «Ауылда екі апта» әлеуметтік практикасына қатысты. Көптеген оқушылар ауылдың әсем табиғатымен таңданды. Олар қоршаған ортаға жақындай түсті. Оқушылар ауыл тұрғындарымен бірге таңертең ерте тұрып, үй жұмыстарына көмектесті. Химиялық қоспасыз дайындалған табиғи тамақ ішіп, жаңа достармен танысып, гаджеттерді ұмытып, ашық аспан астында түрлі ойындар ойнады.

Қорытындылай келе, әлеуметтік практиканың өтуінің арқасында оқушылардың қарым-қатынас дағдыларын дамытып, ауылдың өмірі мен мәдениетін құрметтеуге үйреніп, ата-аналармен қарым-қатынастарын жақындастырғанын және олардың жұмыстарын құрметтеуге үйренгенін атап өтуге болады.

### **3.7.«Берік отбасы» жобасы**

Осы жылы Оксфорд Брукс денсаулық және әлеуметтік әл-ауқат мектебі (Ұлыбритания) ата-аналар мен балаларға арналған «Берік отбасы» бағдарламасын енгізді. Бағдарламаның мақсаты - балалар мен ата-аналар арасындағы сенімді қарым-қатынастарды қалыптастыру, баланың әрі қарай өсуі мен дамуына негіз болатын құндылықтарды анықтау. «Берік отбасы» бағдарламасы бойынша ата-аналар мен педагог-ұйымдастырушы-кураторларға арналған семинарлар (10 отбасы, 14 оқытушы) өткізілді. Курсқа қатысуға 7 «в» сыныбының 10 отбасы шақырылды. Бағдарламаның 7 бөлімі бойынша ата-ана және баламен жүйелі 7 кездесу өткізілді, нәтижесінде бағдарлама туралы оң пікірлер айтылды. Әр отбасыға «Берік отбасы» бағдарламасына қатысқаны туралы сертификаттар берілді.

2018-2019 оқу жылы 7-сынып оқушыларының жеке даму траекториясы бойынша жұмыстанған алғашқы оқу жылы болды. Осы мақсатта мектептің әдістемелік кеңесінің шешімімен әдістемелік ұсыныс жасалды (2018 жылғы 8 қыркүйектегі №1 хаттама). Бұл жоба 7-сынып оқушыларын пән бойынша олимпиадалар мен жарыстарға дайындауға бағытталған, сонымен қатар жоғары сыныпта кәсіби бағдар беруге көмектеседі. Оқушылар түрлі конкурстарға, пәндік олимпиадаларға қатысты. Оқу жылының соңында жұмыс нәтижелері шығарылды, әр оқушының даму жеке траекториясындағы рейтингі анықталды (9-кесте).

### **Жазғы мектеп**

Жазғы мектеп екі кезең бойынша ұйымдастырылды: НЗМ оқушыларына және Батыс Қазақстан облысының жалпы орта білім беретін мектеп оқушыларына арналған. Жазғы мектеп тегін ұйымдастырылды.

НЗМ оқушылары үшін жазғы мектеп оқушылардың білімі мен дағдыларындағы кемшіліктерді толтыруға және зерттеу дағдыларын дамытуға бағытталған, сондықтан ұсынылатын курстардың ауқымы кең болды.

Орта мектеп оқушылары үшін жазғы мектеп 11-22 маусым аралығында «Ағылшын тілі» бағдарламасы бойынша өтті. 54 оқушы қатысты. Курс тілдік дағдыларды дамытуға бағытталған және Personality, Food, Hobby, Money, Travel сияқты тақырыптарды қамтыды. Академиялық сабақтар халықаралық оқытушылардың көмегімен Team-teaching сараланған оқыту стратегиясын қолдану арқылы өткізілді.

**Алдағы оқу жылына қойылған басым бағыттар**



Ағымдағы оқу жылының жұмысын талдай келе, 2019-2020 жылғы тәрбие жұмысындағы басым бағыттар анықталды:

1. Халықаралық аккредитация жұмысының қорытындысын басшылыққа алып, жұмысты жетілдіру;
2. Ата-аналармен жұмысты жандандыру үшін жаңашыл жобаларды әзірлеу;
3. Оқушылардың қажеттелігін ескере отырып, клубтар мен үйірмелер жұмысын түрлендіру;
4. Педагог-ұйымдастырушы-кураторлардың, қосымша білім беру педагогтерінің, жатақхана тәрбиешілерінің кәсіби дамуын арттыру және үздіксіз білім алу жұмысын жүргізу.
5. Оқушылардың білім сапасын арттыру мақсатында педагог-ұйымдастырушы-кураторлар мен жатақхана тәрбиешілерінің өзара сабаққа қатысу жұмысын көшейту. Оқушылармен ғылыми зерттеу жұмысын жасау.
6. Оқушыларға әдістемелік көмек көрсету мақсатында зерттеушілік және жобалық қызметтерге қатысу.

### 3.8. Жатақхана қызметі

«Физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің» Орал қаласындағы филианың жатақханасы 2012 жылдың 1 қыркүйегінен қызмет етеді. Жатақхана қызметі «Назарбаев Зияткерлік мектептері» автономды білім беру Басқармасының шешімімен бекітілген Назарбаев Зияткерлік мектептерінің жатақхана қызметінің Ережесіне сәйкес жүзеге асады.

#### Жатақханада тұратын оқушылардың контингенті

Мектептің жатақханасы 129 оқушыға арналған. За 2018-2019 оқу жылында жатақханада оқушылар тұру үшін 138 орын берілді. Оқу жылы бойына 11 оқушы түрлі себептерге байланысты жатақханадан шықты.

Назарбаев Зияткерлік мектептерінің жатақхана қызметі ұйымының 3-қосымшасына сәйкес жатақханада Батыс Қазақстан облыстарының аудандарынан, Қазақстанның басқа қалаларынан (Нұр-Сұлтан, Ақтөбе, Атырау) және қаланың маңынан оқушылар тұрады.

Оқу жылының соңында жатақханада тұратын оқушылардың сандық құрамы

Барлығы	Ұлдар	Қыздар	Сыныптар					
			7	8	9	10	11	12
127	68	59	34	21	37	22	3	10

Оқушылардың отбасыларының категориясы бойынша ақпарат

№	Оқушылардың отбасыларының категориясы	Саны
1	Толық емес	22
2	Көп балалы	13





3	Мүгедек-ата-аналар	4
4	Зейнеткер-ата-аналар	5

Ұлттық құрамына байланысты: қазақ – 126, башқұрт -1, өзбек -1, итальян -1.

Балалар ұжымында қолайлы қарым-қатынас құру, оқушылардың жағандық азаматтық көзқарасын қалыптастыру, жек тұлға ретінде дамыту мақсатында кешкі уақытта, демалыс кездерінде түрлі іс-шаралар өткізіледі. Жоспарланған тәрбиелік іс-шараларды тәрбиешілер арнайы кестеге сәйкес мектеп директорының бекітуімен өткізді.

Оқушылардың денсаулығы мен физикалық дамуын арттыру мақсатында дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері мен тәрбиешілер демалыс күндері жаттығу бөлмесі мен спортзалда арнайы шаралар ұйымдастырды. Футбол, баскетбол, волейбол, тоғызқұмалақ бойынша спорттық секциялар жүргізілді. Жатақхана тәрбиешілерінің ұйымдастыруымен өтетін үйірмелер оқушылардың қолданбалы шығармашылық дағдыларын дамытады. 8-сынып оқушысы Хайыржан Республикалық "Ұлы Дала ұрпақтары" қолданбалы шығармашылық байқауының III орын иегері атанды.

Көркемдік-эстетикалық бағытты дамытатын үйірмелер арқылы оқушылар шығармашылық қабілеттерін ашады және дамытады, ұжыммен бірлесе жұмыс істеуге машықтанады. «Шабыт» театралды студиясының негізгі құрамы, «Ғажайып» би үйірмесінің оқушыларының басым бөлігі – жатақхананың оқушылары. Педагогикалық ұжым, мектептің көмекші қызметкерлері мен жатақхана қызметкерлері оқушылардың қауіпсіз, ыңғайлы жағдайда өмір сүруіне, оқуда табысты болуына, шығармашыл, рухани және физикалық дамуына, салауатты өмір салтын ұстануына қолайлы жағдай туғызады. Жыл бойына оқушылардың тұрғын бөлмелері мен ортақ қолдануға арналған орындарын санитарлық, гигиеналық талаптарын жүзеге асыру бойынша қажетті шаралар жүзеге асырылды. Медициналық қызметкерлер оқушылардың денсаулық жағдайын тәулік бойы бақылайды. Жоспар бойынша іс-шаралар, кездесулер, әңгімелесулер топтарға және жекелей өткізілді. Жиі кездесетін «Миопия», «Майтабандық», «Тұмау ауруларынан» сақтану мен алдын алу мақсатында арнайы топ оқушыларымен кездесулер ұйымдастырылды.

Жатақханада оқушылардың жеке қабілеттерін дамытуға жағдай жасалған. Күн тәртібі оқушылардың өз бетімен жұмыстануына, қосымша сабақтарға қатысуына, спорттық секциялар мен ғылыми жобаларға барып, жақындарымен қарым-қатынас орнатып және жеке өзіне демалуға уақыт бөліне құрылған.

Оқушылардың зерттеушілік дағдыларын дамыту мақсатында әр оқушы ғылыми жұмыспен айналысуға бағытталды. Өткен оқу жылы бойынша 26 оқушы өздерін жұмыстарын мектепішілік кезеңде қорғады.

Оқушы жетістігінің басты көрсеткіші – пәндік олимпиадалар:

Оқу жылы	Олимпиада деңгейі					
	Мектепішілік	Облыстық	Желілік	Аймақтық	Республикалық	Халықаралық
2018-2019	27	3	6	2	-	2



Оқушылардың жетістігі мен білім сапасы тәрбиешілер мен ата-аналардың басты назарында, яғни пайда болған уақытша мәселелерді шешудің жолын бірлесе табады. Сандық қарымқатынастың дамуының арқасында алыстағы ата-аналармен қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік бар. өзара түсіністік пен серіктестікке бағытталан жеке кездесулер ұйымдастырылады. Әр жарты жыл сайын оқушының жеке дамуы мен оқудағы жетістіктерін дамытуға арналған ата-аналар жиналысы өткізілді.

«Мейірімді жүрек» жобасы аясында оқушылар Облыстық арнайы мамандандырылған көру қабілеті төмен мектеп-интернаты мен Облыстық көру қабілеті төмен азаматтарға арналған кітапхананың оқырмандарымен қауымдастықта жұмыстанды. Жатақхана тәрбиеленушілері оларға арнайы ағылшын тілінің қарпімен тактильді кітап, қазақ жазушыларының шығармаларының 5 аудиожазбасын, бірлесе мерекелер мен кездесулер, шахматтық турнирлер мен шеберлік сағаттарын ұйымдастырды.

Психологиялық қызмет пен мектептің кітапханашылары өздерінің бірлескен жұмысы арнайы жоспарға сәйкес жүргізді. Апта сайын келісілген кестеге сәйкес әр топпен кездесу өткізілді. Психологиялық тернингтер мен ойындар оқушылардың өзіне деген сенімділігін арттырып, ішкі эмоцияларын көрсетіп, қарым-қатынастық дағдыларын дамытты. «Зияткерлік мектеп оқушыларының оқуына арналған 100 кітап» жобасы жүйелі және уақытылы жүзеге асты. Оқушылар бос уақыттарында кітап оқып, тәрбиешілер соған сәйкес шаралар өткізді. Тәрбиешілер «100 ән» және «100 күйдін тарихы» жобалары бойынша жоспарға сәйкес патриоттық және ұлттық бірліктің рухын сіңіру мақсатында түрлі шаралар ұйымдастырды.

Оқу жылы бойына оқушылардың сабақтан тыс уақыты мазмұнды әрі мағыналы болып өткенін олардың рефлексивті есептерінен көруге болады.

Оқушылар Х.Бөкеева атындағы облыстық қазақ драма театрына, А.Островский атындағы облыстық орыс драма театрына, қалалық кинотеатрларға барып, қаламыздағы мұражайларға экскурсияға шықты. Жұмыс жоспарына сәйкес айына бір рет барлығына бірдей өтетін жатақхананың тәрбиелік іс-шараларына қатысты. Іс-шаралар әр түрлі формада өтті: әңгімелесулер, ойындар, тренингтер, шеберлік сағаттары, танымдық сағаттар, табысты тұлғалармен кездесулер. Аталмыш іс-шаралар мектептің ұстанымы мен мақсатын, тәрбиесі мен құндылығын жүзеге асыру мақсатында жасалды. Оқушылардың мектептегі академиялық сағаттарынан бос уақыттарының болмауына байланысты тәрбиелік шараларға оларды 100% қатыстыру мүмкін болмады. Дей тұрғанымен, оқушылардың өмір сүретін ортасына, азаматтық белсенділігі мен жауапкершілігіне қарай оларға тәрбиелік іс-шаралар оң әсер ететіні байқалды. Жатақхана Кеңесінің өткізген іс-шаралары танымдық және ойын-сауықтық бағытта өтті. Кеңес мүшелері оқушылардың бос уақыттарын ұйымдастыруды жақсарту жайында, олардың жатақханадағы тәртіптері мен қылықтары туралы жиналыстарда арнайы ұсыныстар білдірді.

Педагогикалық қызметкерлердің сапалы құрамы жатақхананың біліктілік талаптарына сәйкес келеді: бакалавр дәрежесі- 12 ПР мен ПЛ, магистр дәрежесі- 1 тәрбиеші; педагогикалық шеберлік деңгейі: I категория -5 тәрбиеші, базалық деңгей - 3 тәрбиешінің көмекшісі; мұғалімдерге арналған деңгейлік (үшінші) курстың сертификаттары: 8 тәрбиеші, 1 тәрбиешінің көмекшісі; КазТест деңгейі: В2 – 2 тәрбиеші, В1– 6 тәрбиеші, Базалық деңгей - 1 тәрбиеші. Оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жатақхананың «Мектептің педагогтеріне арналған өрт-техникалық минимум» және «Еңбекті қорғау мен қауіпсіздік» тақырыптарында жыл сайын алғашқы медициналық



көмек бойынша оқулар өтеді. Ағымдағы жылдың сәуір айында жатақхана қызметкерлері: 6 тәрбиеші, 2 тәрбиешінің көмекшісі, комендант және 2 кір жуу машиналарының операторлары «АлемПром» ЖШС оқыту орталығы ұйымдастырған еңбекті қорғау мен өмір қауіпсіздіктері бойынша оқудан өтті.

Оқушылар мен жатақхана қызметкерлерінің қауіпсіздігі бойынша іс-шаралар «NIS IN SAFETY 2020» жоспарына сәйкес өткізілді: «Жатақхана қызметкерлері мен оқушыларын террорлық акт қауіпі туындаған жағдайда өзін ұстау тәртібімен таныстыру», «Жатақхана қызметкерлері мен оқушыларын жатақханада түнгі мезгілде өрт туындаған жағдайда өзін ұстау тәртібімен таныстыру». Оқушылар мен қызметкерлер барлық талаптарды орындап, жиналатын орынға сәтті көшірілді (эвакуация уақыты - 4 мин). Әр топтың тәрбиешісі ТЖ болған жағдайдағы тәртіп пен қауіпсіздік жайлы тәрбие сағаттарын, демалысқа кетерде және келердегі қауіпсіздік бойынша нұсқаулық өткізді.

Оқушыларға жатақхананың тәртібі мен ұжымына бейімделу үшін психологиялық қолдау көрсетіп және өзара серіктестікті қалыптастырып, оқу және эмоционалдық жағдайлар бойынша туындаған сұрақтарды ата-аналармен талқылайды (электронды пошта, телефон және әлеуметтік медиа). Ата-аналармен байланыс тәрбиешілердің арнайы журналына тіркеледі. Оқу жылының басында параллель сыныптар бойынша ата-аналар жиналысы болды. Жиналыста ата-аналар жатақханада тұрудың ережелерімен, тәрбиелік шаралар жоспарымен, сабақтан тыс мезгілдегі оқушылардың бос уақыттарымен, жатақханадан кету және келу қауіпсіздіктерімен танысты. Жалпы жиналысқа қатыса алмаған ата-аналарға тәрбиешілер хабарласып, жатақхананың жалпы тәртібімен таныстыру мақсатында жеке кездесулер ұйымдастырды. Сәуір айында мектеп психологымен «Мектептердегі кәмілет жасқа толмағандар арасында суицидалдық әрекеттің алдын алу» тақырыбында жиналыс өтті (57 ата-ана қатысты).

Барлық жоспарланған іс-шаралар жоғары деңгейде өтіп, оқушылар әлеуметтік дағдылар мен кәсіби бағдар бойынша білім алды.

Ата-аналардың басым бөлігі жатақханада болатын шараларға қызығушылық танытып, еріктілер ретінде қатысуға ұсыныс білдірді. Ата-аналарды әлеуметтік жобаларға тарту дәстүрлі үрдіске айналды. 2015 жылы бастау алған «Біз – бір отбасы» жобасы көптеген ата-аналардың тұлғалық қасиеттерін ашуға, өз баласымен қарым-қатынасын жақсартуға, беделін арттыруға мүмкіндік тудырды. «Біз – бір отбасы» жобасы аясында ата-аналар мен оқушылар арасында 28 кездесу өткізілді. Ата-аналар қолданбалы өнердің бұйымдарын жасау, түрлі тағамдар әзірлеу, өз-өзін қорғау тәсілдері бойынша шеберлік сағаттарын өткізді және оқушыларды кинотеатрға апарды. Бұндай кездесулер, іс-шаралар ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас нығайтып, өз кезегінде балалар шеберлік сағаттарына қатысу арқылы ата-анасына деген құрметі артып, өмірге қажетті қоғамдық дағдыларын дамытады. «Даналық бейсенбісі» жобасы аясында ата-аналар кәсіби бағдар бойынша кездесулер ұйымдастырады. Ата-аналармен қауымдастықта жұмыс жасау баланың тәрбиесінде жағымды әсерлермен қатар, қоғамдық қарым-қатынас пен әлеуметтік дағдыларды оқушылардың бойына сіңіреді. Спорттық шараларға ата-ана мен баланың бірге қатысуы салауатты өмір салтын қалыптастыруға ықпал етіп, баланың физикалық және психологиялық жағдайының нығаюын қалыптастырады.

## **4. ОҚУ-КӨМЕКШІ ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ЖҰМЫСЫ**

### **4.1. Мектеп өмірі мен қауіпсіздікті сақтау**



Қауіпсіз білім беру үдерісін қамтамасыз ету бойынша жоспарына сәйкес келесі іс-шаралар өткізілді:

- террорлық акт жасау қаупі туындаған жағдайда филиалдың оқушылары мен қызметкерлеріне арналған оқу-жаттығу;
- БҚО ТЖД "Өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі" ММ және төтенше жағдайлар басқармасы мамандарының қатысуымен мектеп ғимаратында өрт шыққан кезде эвакуациялау бойынша жалпымектептік жаттығу;
  - өрт сөндіру жүйесі мен электр қондырғыларын тексеру, жатақханадағы өрт крандарының жұмысқа қабілеттілігін сынау, ұнтақты және көмірқышқыл өрт сөндіргіштерінің жарамдылығын тексеру, **пайдалану** паспорттарын толтыру;
  - еңбекті қорғау және өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкес оқу кабинеттерін, лаборант бөлмесін, асхана бөлмелерін, жатақханаларды, медициналық пункттерді, кітапханаларды тексеру;
  - спорттық жабдықтар мен снарядтарды сынау, оқу кабинеттерінің сабақ өткізуге дайындық актілерін жасау;
    - өрт сөндіру жүйесі мен электр қондырғыларын тексеру, өрт крандарының жатақханаға жұмысқа қабілеттілігін сынау, барлық ұнтақты және көмірқышқыл өрт сөндіргіштерді қайта зарядтау;
    - жаңа оқу жылына еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өрт және терроризмге қарсы қауіпсіздік бойынша бұйрықтарды жаңарту;
- өрт қауіпсіздігі мен эвакуация бойынша 7-сынып оқушыларымен тренинг, мектеп ғимаратында өрт қаупі туындаған жағдайда эвакуация бойынша мектепшілік дайындық ұйымдастыру.

Қызметкерлер мен оқушыларға еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі және терроризмге қарсы қауіпсіздік бойынша кіріспе, бастапқы, мақсатты және жоспардан тыс нұсқаулықтар өткізілді. "Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау", "Өрт-техникалық минимум" курсы бойынша мектеп және жатақхана қызметкерлерін, еңбекті қорғау және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін басшылар мен жауапты тұлғаларды оқыту; ағаш құрылымдарды отқа төзімді етіп өңдеу және акт залы сахнасының шымылдығын өңдеу бойынша жұмыстар; мектеп және жатақхана ғимаратының шатырындағы сыртқы өрт сатылары мен қоршауларды пайдалану сынақтары; қызметкерлер мен оқушылармен өрт қауіпсіздігі және эвакуациялау бойынша тренингтер, жатақхананың ғимаратында түнгі уақытта өрт қаупі туындаған кезде эвакуацияны пысықтау; 7 және 8 сынып оқушыларымен лаңкестікке қарсы қауіпсіздік бойынша **ДП БҚО** қызметкерлерінің қатысуымен дәріс және әңгіме өткізу.

Мектептің қауіпсіздік деңгейін жақсарту бойынша келесі жұмыстар өткізілді:

- ескірген аналогтық бейнебақылау жүйелерін цифрлық жүйеге ауыстыру, турниктер орнату;
- серверде газды автоматты түрде сөндіру жүйесін орнату;
- мүгедектерге арналған ванна жабдықтары және екі деңгейлі пандус.

#### 4.2. Кітапхана қызметі

##### Жобалар мен акциялар



2018-2019 жылы кітапхананың жұмыс жоспарына сәйкес READx, "Любимая первая страница", "Bookcrossing" акциясы және "Кітап әлемді бағындырады" жобалары өтті.

Үлкен аудиториялар үшін READx жобасы екі рет ұйымдастырылып өткізілді. 2018 жылдың қазан айында мектеп қонақтары, директор орынбасарлары мен қала мектептерінің оқушылары үшін READx жобасы өтті. 2018 жылдың желтоқсан айында READx "Талант. Шабыт.Талап» қосымша білім беретін оқытушыларға арналған форум аясында ұйымдастырылған болатын. Сондай-ақ "Book&Chocolate" оқырмандар клубы аясында спикерлер READx жобасында клуб қатысушыларының шағын аудиториясы үшін сөз сөйледі. Жобаның спикерлері қызметін мектеп оқушылары мен мұғалімдері атқарады. 2019-2020 оқу жылында оқушылардың ата-аналарын READx жобасында сөз сөйлеуге тарту жоспарлануда.

"Bookcrossing" акциясы мектеп аясында өтіп, 222 кітап жиналды. Акция нәтижесі бойынша ең белсенді оқушылар мен сыныптарға мақтау қағаздары берілді.

25 сәуірде "Кітап әлемді жаулайды!" атты кітап сыйлау акциясының салтанатты түрде аяқталуы өтті. Акция жақсы дәстүрге айналып, қазіргі таңда Назарбаев Зияткерлік мектептерінің барлық филиалдарында үшінші жыл қатарынан Бүкіләлемдік кітап және авторлық құқық күніне бағытталған мерекелік іс-шара ретінде ұйымдастырылуда. (23 сәуір). Акцияның мақсаты оқу мәдениетін және оқырман сауаттылығын дамыту, оқушылар мен олардың ата-аналарының, мұғалімдер мен мектеп қызметкерлерінің кітап оқуға деген ынтасын дамыту болып табылады.

Биылғы жылы оқушылар, ата-аналар, мұғалімдер, тәрбиешілер мен мектеп қызметкерлерінен 130 адам қатысты. Өткен жылдармен салыстырғанда акцияға қатысушылар саны азайды, өйткені қатысу міндетті түрде кітап сатып алуды талап етеді және кез келген оқушы немесе мұғалім кітап алуға дайын емес.

2018 жылдың 30 қарашасында "Рухани жаңғыру-мәңгілік ел бастауы" атты кіріктірілген онкүндіктің аясында тарих және география мұғалімдерінің қатысуымен "кітап фестивалі" атты флэш – моб өткізілді. Үлкен үзіліс кезінде оқушылар мен мұғалімдер Президенттің өмірбаяндары туралы кітаптарды, сондай-ақ жеке еңбектерін де оқыды. Оқырмандар флэш-мобтарын алдағы уақытта мектептен тыс жерлерде: қоғамдық орындарда, сауда-ойын-сауық кешендерінде, халық арасында кітап оқуды насихаттау мақсатында өткізуді жоспарлауда.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне арналған мерекелік іс-шаралар апталығы аясында кітапханада "Любимые монологи" атты мәнерлеп оқу сайысы өтті. Сайысқа оқушылар сүйікті әдеби шығармаларынан алынған ерекше монологтармен шықты. Сайыс жеңімпаздары грамоталар мен сыйлықтарға ие болды.

Қараша айында "Рухани жаңғыру – мәңгілік ел бастауы" атты кіріктірілген онкүндіктің аясында кітапханада 9 сынып оқушыларына арналған "Президентпен кешкі ас" атты кешенді іс-шара өтті. Іс-шараның бірінші бөлімінде қатысушылар еліміздің Президентіне жеке кездесу кезінде қандай сұрақтар қойғысы келетінін, Достық шеңберде Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың өмірі мен қызметі, оның еңбектері мен жолдаулары туралы кітаптар оқығанын айтты. Іс-шара "Менің Президентім", "Президенттің жаһандық бастамалары", "Президент және Астана" тақырыптарындағы дискуссиямен аяқталды. "Шеңберде оқу" әдістемесі Оңтүстік Кореяның тәжірибесінен алынған. Мұғалімдермен бірге өткізілген іс-шаралар оқушылар үшін ақпараттық және қызықты өтеді. Мұғалімдер мен педагог-кітапханашылардың өзара іс-қимылы оқушыларға арналған іс-шараның



тақырыбын толық ашуға, ең қызықты материалдар мен оларға қажетті түсіндірмелермен ақпарат көздерін ұсынуға мүмкіндік береді.

Тәрбиеші және кураторлармен бірлесіп өткізілген іс-шаралар тиімді емес. Ақпан айында жатақхананың тәрбиешісі В. Н. Нурашева мен педагог-кітапханашы Г. М. Жұмағалиеваның ұйымдастыруымен қазақтың тамаша ақыны, жазушысы Мұқағали Мақатаевтың туған күніне арналған " қазақ поэзиясының Хантәңірі-Мұқағали!" атты әдеби-музыкалық поэзия кеші өтті.

"TastyBooks" жеуге болатын кітаптар фестивалі педагог-ұйымдастырушылардың және жатақхана тәрбиешілерінің әдістемелік бірлестігінің кіріктірілген онкүндігі аясында өтті. Төрт команда дәмді "кітаптар" - түрлі шығармалар түріндегі кондитерлік өнімдерді ұсынды. Фестиваль үшін балалар Сәбит Мұқановтың "Ботағоз", Антуан де Сент-Экзюперидің "Кішкентай ханзада", "Гиннестің рекордтар кітабы", Джоан Роулингтің «Гарри поттер» туралы кітаптар томтамасын таңдады.

Шетелдік мектеп оқушыларымен жоспарланған оқырмандар скайп-конференциясының орнына Ақтөбе қаласындағы НЗМ ФМН оқушыларымен «Не? Қайда? Қашан?» интеллектуалдық ойыны ұйымдастырылды. Екі команда көркем әдебиет бойынша жарысты. Біздің мектептен 9 Е сынып оқушылары қатысты. Ойын "Телемост" форматында бейне байланыс арқылы өтті.

Оқу жылы бойына мектеп атриумында "Reading zone" атты ашық кітап көрмелері өтті, нақтырақ мерекелерге арналған тақырыптық, жаңа кітаптар көрмелері. Кітап көрмелерінің жанында " Sweet quiz!" атты викториналар өткізіліп, оқушылар шығармаларды тауып, жүлделерді жеңіп алды. Осындай кітап көрмелері оқушылар мен мұғалімдердің кітап оқуға деген қызығушылығын арттыруға, жаңа кітаптар мен кітапхана қоры туралы ақпаратты дер кезінде ұсынуға мүмкіндік береді. Атриумдағы кітап көрмесінен кейін көптеген оқушылар мен мұғалімдер кітапханаға ұнаған кітаптарды оқу үшін келеді.

### **Жатақханада тұратын оқушылармен кітапхана жұмысы**

Оқу жылы ағымында әр сейсенбіде кешкі уақытта жатақханада тұратын оқушылар түрлі тақырыптық іс-шараларға, ақпараттық сауаттылық сабақтарына, зияткерлік ойындарға, "100 кітап"жобасы бойынша викториналарға атсалысып, кітапханада өтетін іс-шараларға қатысты. Оқу жылы ішінде интернат топтарымен көптеген іс-шаралар мен сабақтар өткізілді. Мысалы "Шеңберде оқу", "Өзін-өзі дамыту бойынша кітаптар: белгімен оқу", "құндылықтар сөздігін құру", "SciKu" ойыны: жапон үшстикалық түрінде ғылыми мақалаларды баяндау, "Вака" командалық поэтикалық сайысы, "My favorite page" шығармашылық оқуы, "кітап түбіршектерінің поэзиясы" ойыны, кітапханашылар тізімін құру, "BookPicture" ойыны, "100 кітап"жобасының шығармаларын оқу және талқылау. Көптеген тапсырмалар мен ойындар оқу дағдыларын, ақпараттық сауаттылықты, сыни және шығармашылық ойлауды дамытуға бағытталған.

### **Book&Chocolate " оқырман клубы»**

Оқу жылы бойы айына екі рет "Book&Chocolate"оқырмандар клубының кездесулері өтті. Оқу жылына жоспарланған ер балаларға арналған "Mr. Intellectual" атты оқырман клубы жеке өткізілген жоқ. Өткен оқу жылында клубқа жазылған ұлдар бірнеше рет оқу жылының басында ғана клуб кездесуіне келді. Ұлдарға арналған оқырман клубын өткізуге біз мұғалімдерді тартып, ұлдарға қызықты кітаптар мен талқылау тақырыптарын жоспарладық және таңдадық. Ұлдар үшін оқу клубы ерекше танымалдыққа ие болған жоқ,



сондықтан бір ғана "Book&Chocolate" оқырман клубын қалдыру туралы шешім қабылданды.

Клуб аясында әр түрлі дағдыларды дамытуға бағытталған шығармашылық сабақтар, ойындар (оқу және сыни ойлау дағдылары), оқуға ынталандыруды арттыру, оқу мәдениетін қалыптастыру шаралары(READx жобасы, рөлдер бойынша Оқу, өзін-өзі дамыту бойынша кітаптар оқу, "Bring your book" ойыны, оқылған кітаптарды талқылау) өткізілді. Оқырман клубын жүргізудің негізгі мәселесі оқушылардың бос уақытының толтыру болып табылады. Уақыты әрдайым алдын ала келісіліп, балалармен бірге жоспарланғанға қарамастан қатысушылар мектептегі қосымша сабақтарына орай іс-шараларға келе алмады, сондықтан клуб аясында жоспарланған көптеген іс-шаралар өткізілген жоқ.

Облыстық интеллектісі бұзылған балаларға арналған арнайы мектеп-интернатының оқушыларымен жұмыс жүргізілді. Әр сәрсенбі сайын осы мектептің оқушылары кітапханаға барды. Негізінен бұл балалар үшін 3D кітаптар, 3D ашық хаттар, кітап бетбелгілері, тақырыптық коллаждар, иллюстрацияланған кітаптар мен энциклопедиялар оқу секілді шығармашылық сабақтар өткізілді.

### **4.3. Мектептің психологиялық қызметінің жұмысы**

"НЗМ педагог-психолог қызметінің басшылығына" сәйкес 7-сыныптардың бейімделу кезеңіне "бақылау картасы" жасалды, қиын өмірлік жағдайларда психологиялық қызметтің, әкімшіліктің, педагогикалық қызметкерлердің және оларға теңестірілген тұлғалардың өзара іс-қимыл алгоритмімен таныстыру және ақпараттандыру бойынша жұмыс жүргізілді.

Психологиялық қызметтің басшылығымен білім беру процесін психологиялық-педагогикалық қолдау нәтижелері бойынша қызметтік және есеп беру құжаттамасын жүргізді. Мектептің психологиялық қызметі педагог-ұйымдастырушы-кураторлармен, тәрбиешілермен әр түрлі жағдайларда әрекет ету және ықпал ету бойынша семинар өткізді. Ата-аналарға және мұғалімдерге, құрдастарына, кураторларға арналған жадынамалар таратылды, онда оқушының ерекше мінез-құлқының белгілері жазылған.

Суицидтің алдын алу бағдарламасы жасөспірімдер мен педагогтардың психикалық денсаулығына қатысты сауаттылығын арттыруға және оқушылардың дағдарыс жағдайында көмек көрсету дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Осы оқу жылында мектеп қызметкерлерімен 3 кездесу өткізілді.

8-12 сынып ата-аналары үшін "мектепте жасөспірімдердің деструктивті мінез-құлқының алдын алу мен дене және психикалық денсаулығын нығайту Бағдарламасы" презентациясын қолдану арқылы ата-аналар жиналысы өткізіліп, 87% ата-ана қамтылды. Кесте бойынша қатыса алмаған ата-аналар үшін қайта жиналыс өткізілді. Жатақханада тұратын оқушылардың ата-аналар үшін жеке жиналыс өткізілді.

Осы оқу жылында психологиялық қызмет 7-сынып оқушыларының динамикалық бақылау картасын жасады. Бұл картада темперамент бойынша, мотивациялық тип бойынша, қабылдау бойынша, ойлау түрлері бойынша диагностиканың нәтижелері көрсетілген. 7-12 сыныптардың нәтижелері темперамент, қабілет, мотивациялық тип бойынша диагностиканың нәтижесі мәліметтің жеке кестесінде көрсетілген. Сонымен қатар 7-сыныптар жатақхана оқытушылары мен қызметкерлерінің бақылауында болды және оқушылардың пікірлеріне сүйенсек, бейімделу кезеңі сәтті өткені байқалды.



Оқу жылы ішінде 4 психологиялық акция өткізілді.

Акцияның мақсаты адамгершілік негіздерін тәрбиелеуге, мәселелерді шешуге, психологиялық қолдау көрсетуге ықпал ететін қолайлы психологиялық климатты қалыптастыру болып табылады. Біз жұмыстың педагогикалық және психологиялық әдістерін бірлесіп пайдалану оқушылардың оқу-танымдық қызметінің өнімділігін арттыруға мүмкіндік береді деп ойлаймыз.

7-сынып оқушыларының бейімделу процесін психологиялық-педагогикалық қолдау тобы бекітілді. Психологиялық-педагогикалық қолдау тобының құрамы мектеп әкімшілігімен, ӘБ басшыларымен және психологиялық қызметпен бірлесіп келісілді. Оқу жылы бойы психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу Тобы шағын педкеңеске, семикла оқушыларының үлгерімі, бейімделуі және әлеуметтенуі мәселелері бойынша директор жанындағы кеңеске қатысты.

136 тренинг өткізілді (тек 7-ші сынып "Психолог сағатына"), бейімделу тренингтерінің мақсаты 7-ші сынып оқушыларының мектеп өміріне бейімделуі үшін жағдай жасау болып табылады. 7-сынып оқушылары үшін психологиялық жайлылықты қамтамасыз ету рухани және эмоциялық салауаттылықты сақтау, балалар арасындағы өзара түсіністікке, сынып ұжымын біріктіруге ықпал ету. Алғашқы бейімделу кезеңіндегі сабақтардың негізгі мазмұны топтық процестерді дамытуға, қолайлы микроклиматты қолдауға, топтастыруға, психологтардың сабақтарына қызығушылығын дамытуға бағытталған ойындар мен жаттығуларды құрады.

10, 12-сынып оқушыларын сыртқы жиынтық бағалауды тапсыруға дайындау кезінде психологиялық қолдау бағдарламасы әзірленді. Бағдарламаның мақсаты: МЭСК өткізу кезеңінде жүйке жүйесі мен ағзаны жалпы жарақаттайтын стресстік факторларды төмендетуді қамтамасыз ететін оқушыларда стресстің алдын алуға бағытталған кешенді іс-шаралар өткізу. Бағдарламаға:

1. Өзін-өзі реттеу тәсілдері. Релаксация. Визуализация секілді психотехниканы қолдануға арналған топтық сабақтар;
2. Ішкі қайшылықтарды шешуге арналған жаттығулар, қарым-қатынас жасай білу;
3. Білім беру кинесиологиясы жаттығулары;
4. "Балалар және жасөспірімдер коучингі" бағдарламасынан алынған жаттығуларды қолдану арқылы оқушылармен жеке жұмыс жүргізу;
5. Ақпараттық қолдау;
6. Емтихан тапсыру кезеңінде демалыс аймақтарын құру;
7. Ата-аналар мен педагогтарға кеңес беру, ағартушылық бағыттағы жұмыстарды жүргізу;
8. Әр 10,12-сыныпқа арналған 8 тренинг енді.

Құзыреттілік пен шығармашылық әлеуетті арттыру үшін педагог-психологтар "Менің педагогикалық тәжірибем" республикалық қашықтық интернет-конкурсына қатысып, Қазбекова А. С "балалармен ең үздік топтық сабақ" номинациясы бойынша 1 орынға ие болды; "Менің педагогикалық тәжірибем" республикалық қашықтық интернет-конкурсында Нигиметова Л. Б. "Ең үздік әдістемелік құрал" номинациясы бойынша 1 орынға ие болды; "Менің педагогикалық тәжірибем" республикалық қашықтық интернет-конкурсында Губайдуллина З. Т. "Ең үздік ашық сабақ" номинациясы бойынша 1 орынға ие болды.





Педагог-психологтар "Білімді ел-Образованная страна" республикалық білім беру қоғамдық-саяси газетінің және Орал қаласындағы ФЦПМ "ең коллаборативті зерттеу" номинациясы бойынша "Орал көшбасшылары" желілік бірлестігінің ұйымдастыруымен өткен "Зерттеу калейдоскопы" фестиваліне қатысты. Оқу жылы бойы оқушылармен (92), мұғалімдермен (51), ата-аналармен (48) жеке және топтық кеңестер өткізілді. Кеңес беру проблеманы шешу және оның түп негізін түсіну мақсатында жүргізілді. Осы жұмыстар арқылы жағдайды толық байқау және баламен болған жағдайды мен бірқатар жауапкершілікті алу қалыптастырылды.

#### **4.4. Кәсіби бағдар жұмысы**

Кәсіби бағдар бойынша жұмыстың жоспары негізінде 11-12 сынып оқушыларына ЖОО түсу мерзімі мен шарттарын таныстыру жұмыстары жүргізілді. Жиналған ақпараттар негізінде оқушылар арасында ЖОО түсуге арналған топтар құрылды: 1-топ Қазақстандық ЖОО түсуді қалайтындар (НУ-дан басқасы); 2-топ НУ және шетелдік ЖОО түсуді қалайтындар; 3-топ - Top-100 тізімдегі ЖОО түсуді қалайтындар (QS agency). Аталмыш жұмыс ЖОО түсу үшін жоғары сыныптың әр оқушысына жеке оқу маршрутын құрастыруға мүмкіндік берді. Кәсіби бағдар жұмысының жоспары негізінде қазан айында мектеп директоры 12-сынып оқушылары және олардың ата-аналарының әрқайсысымен жеке әңгімелесулер жүргізді («Interview Month»). Бұл оқушының жеке оқу маршрутын түзетін, алға әрекет етуге ықпал етті. Жоғары сыныптың оқушылары кәсіби бағдар жөніндегі кеңесшімен жеке әңгімелесіп, ЖОО іріктеудің ережелерімен, қаржыландырудың түрлі бағдарламаларымен танысты (үкіметаралық келісім, түрлі қорлар, гранттар, басқа да стипендиалық бағдарламалар). Мектепте ЖОО жайлы ақпараттық материалдар жеткілікті (Буклеттер, журналдар).

Шетелдік және Назарбаев Университетіне түсуге ниетті оқушылар тобы үшін SAT емтиханын тапсыру қажет. Осыған орай бірінші жарты жылдықта 11-12-сынып оқушыларына арналған SAT және NUFYP емтихандарына дайындық бойынша қосымша сабақтар ұйымдастырылды. 45 оқушы SAT1 және SAT2 емтихандарын орташа 1320 баллмен тапсырды (максимум 1600). Қосымша дайындық сабақтары арнайы NUFYP тестіне бағытталды. Желтоқсан айында Назарбаев Университетінің университет алды курсына құжаттарды дайындақ және тапсыру жұмыстары басталып, оқушылардың шамамен 80 % NUFYP тіркелді.

Кәсіби бағдар жұмысының мақсатына сәйкес қыркүйек-қазан айларында 7-9 сынып оқушыларына мектеп психологымен бірлесе шаралар өткізілді. Куратор сағаттары кезінде психология мен педагогикадағы заманауи әдістерді қолданып сауалнамалар, тестілеулер, дәріс түрлері, ойын түріндегі жаттығулар, логикалық тапсырмалар ұсынылды. (Диагностикалаудың түрлері: «Пәндер бойынша қабілеттер» сауалнамасы; Гарднердің көпсалалы интеллекті; Мамандық таңдаудағы әдістер; Холланд тесті; Болашақ мамандықты анықтаудың түрлері). Одан басқа, кәсіби бағдар бойынша кеңесші 7-10 сыныптарға мамандықтар әлемі жайында және жоғарғы сыныптардың үлгісі туралы түсіндіру мақсатында куратор сағаттарына қатысты. Аталмыш жұмыстың нәтижесі ретінде оқушылардың профильді пәндерді анықтауы мен жеке оқу маршрутын құрастыру болып табылады. 9-10 сыныптарына Дж. Холландтың теориясы бойынша болашақ мамандықтарын таңдау жайлы сауалнама жүргізілді.



Желтоқсан-қаңтар айларында 11-12 сынып оқушылары үшін Қазақстандық және шетелдік ЖОО оқитын түлектермен кездесу ұйымдастырылды. Түлектер оқуға түсудегі тәжірибелері мен ЖОО оқудың талаптары жайлы ойларымен бөлісті.

Оқу жылы бойына Қазақстанның университеттер және білім беру агенттіктерінің өкілдерімен: Назарбаев Университеті (қабылдау комиссиясының өкілдері), Қазақстан-Британ Техникалық Университеті, СДУ, МУИТ, UIB, Сәтбаев Университеті бірнеше кездесулер өткізілді.

Оқу жылы бойына 11-12 сынып оқушыларын қаржыландырудың түрлі бағдарламалары (үкіметаралық келісім, түрлі қорлар, гранттар, басқа да стипендиалды бағдарламалар) бойынша таныстыру жұмыстары жүргізілді. 12-сыныптың оқушылары қаңтар-ақпанда Венгрия, Қытай, Ресейдің үкіметаралық грантына құжаттарды тапсырды. ҚР ҒБМ іріктеу кезеңінен Орал қаласындағы ФМБ Назарбаев Зияткерлік мектебінен 12 оқушы өтті.

Жыл бойына кәсіби бағдар бойынша кеңесші куратор сағаттарына қатысу арқылы мамандықтар әлемі жайында түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес куратор сағаттарына қатысты.

Наурыз айында Назарбаев Университетінің университет алды бағдарламасына түсу үшін NUFYP қабылдау емтиханын тапсырды. Нәтижесінде 51 оқушының 21-і шектік баллдан өтті. Сәуірде Назарбаев Университетінің ұйымдастырған IELTS емтиханын 16 оқушы тапсырды.

2019 жылдың сәуірінде 10-сынып оқушыларын ҰБТ-дағы мамандандырылған профильді пәндермен, жоғары сыныптардың ерекшелігімен таныстыру мақсатында жұмыстар жүргізілді. Сондай-ақ, жоғары сыныптың үлгісімен таныстыру мақсатында ата-аналар жиналысы өткізілді.

Жыл бойына «Даналық бейсенбісі» жобасы шеңберінде облысымыздың алдыңғы қатарлы кәсіпорындарына оқыту экскурсиялары ұйымдастырылды. Сондай-ақ, аталмыш жоба аясында түрлі тақырыптар туралы танымдық дағдыларын қалыптастыру және қызығушылықтарын арттыру мақсатында ата-аналармен де кездесулер өткізілді.

Оқу жылының соңында 9-10 сынып оқушылары арасында ДЖ.Холланд теориясы бойынша болашақ мамандықтарын таңдау мақсатында мектеп психологтары сауалнама жүргізді. Аталмыш жұмыс келесі оқу жылына оқушылардың жұмысын жоспарлауға мүмкіндік береді.

Жыл бойына оқушыларға қажетті барлық ақпараттар «Super Highway» қабырғасына ілінді.

12-сыныптармен жүргізілген кәсіби бағдар жұмысының нәтижесі – қалаған ЖОО түсу.

2018-2019 оқу жылы Орал қаласындағы ФМБ НЗМ-ді 71 түлек (4 сынып) аяқтады. 12-сыныптардан оқу бітірген 70 түлектің 98,6% ЖОО түскен. Олардың 32 % жақын және алыс шетелдегі ЖОО студенті атанды (23 түлек), 27 % Назарбаев Университетінде (19 түлек) оқуды таңдап, қалған 39,4 % еліміздің белді жоғары оқу орындарында оқуды (28 түлек) жөн көрген. 1 оқушы мектепті аяқтау мен ЖОО түсу арасында үзіліс алды. Мектеп бітірген 67 түлек грантқа түссе, 3 түлек ақылы түрде оқуларын жалғастырады.

В Назарбаев Университетіне 13 түлек бірден 1-курсқа, ал 6 түлек Foundation санатына қабылданды. Шетелге оқуға түскен 23 түлектің 7-і РФ ЖОО оқитын болса, 6 түлек Венгрияның ЖОО-на, АҚШ- 2, ҚХР -2, Финляндияға – 2, Канадаға – 1, Испанияға – 1, Италияға – 1, Түркияға– 1 ЖОО оқуға қабылданды.



Қазақстанның ЖОО түскен оқушылардың басым бөлігі техникалық ЖОО таңдаған. Оқыту бағыты бойынша түлектердің көпшілігі ІТ саласындағы мамандықтарды - 24 түлек, инженерияны 20 түлек, медицина – 7 түлек, ғылым – 7 түлек, бизнес және басқару – 5 түлек, өнер – 3, қызмет көрсету – 3, гуманитарлық бағыт – 2 түлек таңдаған.

Түлектердің оқуға түсуін алдыңғы жылмен салыстырар болсақ, төмендегідей мәліметтерді көруге болады. Назарбаев Университетіне түсу саны 11%-дан 27%-ға артқан, ал шетелге түсу көрсеткіші 39% -дан 32 %-ға кеміген. Сандардың азаюының басты себебі – түлектердің ЖОО таңдау кезінде Назарбаев Университетіне басымдық беруі. Қазақстандық ЖОО-ға түсу саны да аталған себептен 49%-дан 41%-ға азайды.

#### **4.4. Медиақызметтің жұмысы**

Орал қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебін қоғамда білім берудің табысты үлгісі ретінде қабылдайды, сол себептен БАҚ өкілдері мектептің жұмыс тәжірибесі мен оқушылардың жетістіктері жайлы ерекше қызығушылық танытады. В 2018-19 оқу жылында республикалық, облыстық және қалалық БАҚ беттерінде Орал қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің қызметі, қазіргі білім берудегі жетістіктері мен аймақтық ЖОО, мектептеріне таратқан тәжірибесі жайында 200-ден астам мәліметтер жарияланған. Олардың 43-і - газеттерде, интернет-порталдарда – 117, жаңалықтар желісінде, телевизиялық бағдарламаларда – 78.

Жыл бойына тығыз қарым-қатынас орнаған серіктестер: «Егемен Қазақстан», «Литер» республикалық газеттер, «Қазақстан-Орал», «ТДК-42» облыстық телеарналар, «Жайық Пресс» ЖШС (соның ішінде «Орал өңірі», «Приуралье» облыстық газеттері мен [www.zhaikpress.kz](http://www.zhaikpress.kz) ақпараттық порталы), «Казинформ» халықаралық ақпараттық агенттігі, «Жайық үні», «Пульс города», «Надежда» қалалық газеттері.

Жыл бойына мектепшілік (<http://ura.nis.edu.kz/>) порталы уақытылы жаңартылып, жаңалықтар [www.nis.edu.kz](http://www.nis.edu.kz) сайтында жарияланып, маңызды ақпараттар мектептің әлеуметтік желідегі парақшасында жарияланып отырды. (<https://www.facebook.com/NisOralKZ/>, <https://vk.com/nisoral> )

Орал қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің медиа-қызметтегі жағымды имиджін қалыптастыру мақсатында алдағы жылы да жоғары қарқынмен жұмысын жалғастыратын болады.

#### **2019-2020 оқу жылына жоспар:**

Мектепшілік «Зияткер» журналының сапасы мен мазмұнын арттыру;  
Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 28 жылдығын тойлау аясында имидждік ролик дайындау;  
«Наурыз» мерекесін тойлау;  
Танымдық «NisEsim», «NisScience» видеоайдар құрастыру;  
Мектептің ресми сайты жаңарту;  
Мектепті кеңірек таныстыру мақсатында БАҚ-та мақалалар әзірлеу және жариялау;  
БАҚ өкілдерімен серіктестіктік байланыстарды қолдау;  
Облыстық басқармалардың баспасөз хатшыларымен серіктестік байланыстарды нығайту.

